Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 33 (1036)

20.08.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

СЕЛЕКТОРЛЫҚ ЖИЫН

МОНИТОРИНГ ТОПТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

БҮГІНДЕ ӘЛЕМДЕ КҮН САЙЫН 480 МЫҢНАН АСТАМ АДАМНАН ВИРУС ТАБЫЛУДА. ЕЛІМІЗДЕ СОҢҒЫ АПТАДА ВИРУС ӨСІМІНІҢ ЕКІ ПАЙЫЗҒА ТӨМЕНДЕГЕНІ БАЙҚАЛҒАНЫМЕН КӨПШІЛІКТІҢ САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАМАУЫ, ЕЛ ІШІНДЕ ЕМІН-ЕРКІН ЖҮРІП, ТОЙ-ТОМАЛАҚ ЖАСАУЫ ЖАЛҒАСУДА. БҰЛ ТУРАЛЫ ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ АСҚАР МАМИННІҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН СЕЛЕКТОРЛЫҚ РЕЖИМДЕ ӨТКЕН ЖИЫНДА СӨЗ БОЛДЫ.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой елдегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды баяндады.

Министрдің сөзінше, Түркістан облысынан басқа барлық өңір «қызыл» аймақта тұр. Бір апта ішінде орта есеппен шамамен 53 мың жағдай орын алған. Бүгінге дейін республикада COVID-19-дың оң нәтижесімен 708 379 және КВИ теріс нәтижемен 66 381 науқас тіркелген. Инфекциялық төсек-орындардың жүктемесі 53, ал реанимациялық төсек-орындардың жүктемесі 47 пайызды құрайды. Төсекке таңылған науқастардың басым бөлігі Ақтөбе, Қызылорда, Алматы облыстарының еншісінде болып отыр.

Өз сөзінде Алексей Цой қазіргі таңда 120 мыңнан астам науқастың коронавирус инфекциясымен емделуде екенін айтып, алғашқы тәуліктерде реанимацияға түскен науқастардың басым бөлігі, 40 пайыздан астамы «дельта» штаммын жұқтырғандар болып отырғанын да тілге тиек етті.

Айтуынша аталған науқастар өз-өзін емдеумен айналысқан және медициналық көмекке кеш жүгінген. Осыған сай жергілікті атқарушы органдар халық арасында аурудың алдын алу, өз-өзін емдеуге жол бермеу және медициналық көмекке дер уақытында жүгіну мәселелері бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейтуі қажет екенін де еске салды.

«Халықтан коронавирус инфекциясының алғашқы белгілері байқалғанда медициналық көмекке жүгінуді және өз-өзін емдеумен айналыспауды өтінемін. Қарапайым ережелерді сақтау жүздеген адамның өмірін құтқаратындығын есте сақтау қажет. Карантиндік іс-шаралардың қолданыста болуына қарамастан бірқатар өңірде көп адамның жиналуымен салтанатты іс-шаралар, үйлену тойларын, еске алу түскі асын беру тыйылмай отыр. Карантинді өрескел бұзу фактілері де анықталуда. Осыған орай жергілікті атқарушы органдарға мониторинг топтарының жұмысын күшейтуді тапсыруыңызды өтінемін», – деген сұранысын жеткізді Үкімет басшысына.

Бұл тұста Үкімет басшысы да халықтың шектеу іс-шараларын сақтауын, бақылауды жалғастыру керектігін айтты. Премьер-Министр барлық өңір мен мемлекеттік органдар вакцина салдырудың қажеттігі туралы ақпараттық жұмысты кеңейту керектігін, «Қызыл» аймақтардағы өңірлерде демалыс күнгі локдаундарды сақтау қажет екенін айтты.

Мұнымен қоса Үкімет отырысында жемшөппен қамтамасыз ету және егін жинау науқанына дайындық мәселелері, Ақтөбе облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары қаралып, нақты тапсырмалар берілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АҢДАТПА

КАДРОВЫЙ РЕЗЕРВ 3-бет

1 СЕНТЯБРЯ НАЧИНАЕТСЯ ОТБОР КАНДИДАТОВ

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ 4-бет

ЖАЛҒАН ДИПЛОМ, ЖЕМҚОР МҰҒАЛІМ

БАСПАСӨЗ-МӘСЛИХАТЫ 5-бет



ХАЛЫҚ САНАҒЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

АШЫҚ ӘҢГІМЕ 8-9-бет

«ӨЛЕҢ – ӨМІР, ОҚЫРМАН – ӘДІЛҚАЗЫМ

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне II жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БРИФИНГ

COVID-19 ЖӘНЕ ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАР

«JETISÝ MEDIA» ақпараттық алаңында өткен брифингте Алматы облыстық көпсалалы клиникасының директоры Саяхат Олжаев вакцинация онкологиялық аурулармен ауыратын науқастарға және жазылып шыққан қаралушыларға қауіпсіз болып табылатынын айтты.

Айтуынша COVID-19-ға қарсы вакцинаның Гам-Ковид- Вак» (Спутник- V), Pfizer/BioNTech, Moderna, Janssen/Johnsson and Johnsson) түрлерінің құрамында тірі вирус жоқ, сол себепті де ол онкологиялық аурулармен ауыратын науқастарға және иммунитеті төмен адамдарға қауіпсіз болып келеді. Қатерлі ісікпен ауыратын науқастар арасында коронавирустық инфекцияның клиникалық ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, науқастар инфекцияларға өте сезімтал, сол себепті де қатерлі ісікке арналған арнайы терапиядан туындаған иммун тапшылығы байқалады.

«Covid-19 жұқтырған онкологиялық науқастарда келесі клиникалық белгілер анықталды: жөтел, дене температурасының жоғарылауы, әлсіздік, тыныс алудың төмендеуі, тіпті физикалық белсенділігі төмен, бас ауруы, жалпы әлсіздік, қалтырау, терлеу, физикалық белсенділікке төзімділіктің төмендеуі сияқты типтік белгілер. Бүгінде екі емделушіде анемия және гипопротеинемия анықталды, бұл иммунокомпетенттілікке теріс әсер етуі және тыныс алу патогендеріне сезімталдықты арттыруы мүмкін», – дейді С. Олжаев.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ІНДЕТ

СОҢҒЫ ТӘУЛІКТЕ 477 АДАМ КОРОНАВИРУСПЕН АУЫРДЫ

18.08.2021 ЖЫЛҒЫ ДЕРЕК БОЙЫНША ОБЛЫСТА 38 063 АДАМНЫҢ КОРОНАВИРУСПЕН АУЫРҒАНЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ТЕКСЕРУДЕ РАСТАЛҒАН.

Соңғы тәулікте ауырғандар саны – 477, өсім деңгейі – 1,3%. Соның ішінде Талдықорғанда – 106, Іле ауданында – 60, Жамбыл ауданында – 46, Панфилов ауданында – 45, Еңбекшіқазақ ауданында – 39, Талғар ауданында – 37, Қарасай ауданында – 21, Көксу ауданында – 16, Балқаш, Үйғыр аудандарында – 14-тен, Ескелді ауданында – 13, Қартал ауданында – 10, Кербұлақ, Алакөл ауданында – 8, Текелі қаласында – 30, Қапшағай қаласында – 6, Кеген, Райымбек аудандарында – 2-ден.

01.08.20 жылдан бері анықталмаған пневмонияның 6136 жағдайы тіркелді, соңғы тәулікте ауырғандар саны – 18. Соның ішінде Еңбекшіқазақ ауданында – 15, Кеген ауданында – 3. Олармен 28 адам қарым-қатынаста болған, барлығы да үй карантинінде, медициналық мамандардың бақылауында.

18.03.2021 жылғы дерек бойынша ПЦР тәсілімен 856 129 адам зертханалық тексеруден өткен, соңғы 3 күнде тексерілгендер саны – 9282.

Жалпы саны 3280 адам стационарлық ем қабылдауда, соның ішінде 73-інің хәлі ауыр. Ауруханаларға бір тәулікте 387 адам түскен, 464 адам шығарылған. Инфекциялық төсек-орын жүктемесі – 59,6 %. Өткен тәулікте барлығы 215 адам коронавирус инфекциясынан жазылды.

18.08.2021 жылғы дерек бойынша COVID-19 қарсы вакцинаның 1-ші компонентін 4216 адам, 2-ші компонентін 5641 адам алды.

Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бір ел - бір кітап

Қалалық орталық балалар кітапханасы ZOOM бағдарламасы арқылы «Бір ел, бір кітап» акциясы аясында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған 30 кітаптың проза жанры бойынша таңдалған «Қасірет пен тағдыр» кітабының авторы жетісу жерінің тумасы, ақын, жазушы, журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Мағазбекқызы Досжановамен онлайн кездесу ұйымдастырды.

ЖАЗУШЫМЕН ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ

Кездесудің мақсаты – жазушының өмірі мен шығармашылығымен оқырмандарды таныстыру. «Қасірет пен тағдыр» романындағы қасірет бір Семей өңірінің қасіреті емес, барша адамзаттың қасіреті жатқандығына теориялық тұрғыда талдау жасау.

Кездесуде оқырмандар қауымы жазушыға роман желісі бойынша «Семей полигоны тақырыбы қазақ прозасында қаншалықты дәрежеде шынайы суреттеледі?», «Қасірет пен тағдыр» романындағы ана бейнесін, бойжеткендер бейнесін берудегі мақсат?», «Аяулым образы бүгінгі қазақ келіндері әрекеті мен қалай көрініс табады?», «Аяулымның ендігі өмірін көпшілік оқырмандарыңызға тағы бір романмен ұсыну ойыңызда бар ма?» деген сұрақтар қойып, тұщымды жауаптар алды.

Кездесу соңында қарымды қаламгер Сәуле Мағазбекқызы кітапхана ұжымына осындай тағылымы мол кездесу ұйымдастырғанына алғыс айтып, оқырмандарға жылы лебізін білдірді.

Фарида ЖАКУПОВА,
Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының меңгерушісі.

ҚЫЛМЫС ХРОНИКАСЫ

ІНІСІН ҰРЫП ӨЛТІРДІ

Ескелді ауданында ағайынды арасындағы жанжал кісі өлімімен аяқталды.

ҚР Ішкі істер министрлігінің хабрлауынша, елу жастағы Қарабұлақ ауылының тұрғыны Ескелді ауданының орталық ауруханасына көзге көрінетін дене жарақатынсыз, есі шыққан күйінде түскен. Ер адам ауыр жағдайға байланысты меңзең болып, аты-жөнін айта алмай, не жағдай болғанын да түсіндіре алмаған. Медициналық көмек көрсету кезінде ол Талдықорған қаласының көпсалалы ауруханасына ауыстырылды. Онда ол есін жинай алмай, ішкі қан құйылу салдарынан қайтыс болған.

Бұл факт ҚР Қылмыстық кодексінің 106-бабы, 3-тармағы, «Кісі өліміне әкеліп соғатын ауыр дене жарақатын келтіру» бойынша тізімге енгізілді. Сондай-ақ, жәбірленуші ағасымен бір аулада көрші тұратыны хабарланды. Ағасы жанжал кезінде екі метрлік ағашпен інісінің басынан ұрған. Ұсталған 53 жастағы азамат қылмысын мойындады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АУДАН ТЫНЫСЫ

ЕРЕКШЕ САЯБАҚ САЛЫНУДА

САРҚАН АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘЛІМЕТІНШЕ АУДАНДА ҚОЙТАСТАРДАН ТҰРАТЫН ЕРЕКШЕ САЯБАҚ АШЫЛМАҚ.

Аудан әкімі Амантай Мұқанов қойтас саябағын салу екі кезеңмен жүзеге асырылатынын айтты. Биыл жол, арық, жарық жүйелері ретке келтірілсе, содан кейінгі жұмыстар, ол, әрине, көшеттер отырғызу, тас арасына қосымша демалыс орындарын жасау. Ал, болашақта саябақ ортасында орналасқан жасанды көлшікті жаңа қалыпқа келтіріп, арнайы жаз айларында суға шомылу орнын ашуда жоспарда бар.

Қайта жандандыру жұмыстарын мамыр айында бастаған «Хан Тенгри» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аталған демалыс орнын жоспар бойынша ағымдағы жылдың қазан айында ел игілігіне ұсынбақ. Қазіргі таңда құрылыс аумағында 25-ке жуық қала тұрғыны маусымдық жұмыспен қамтылған. Солардың қатарында 18 жастағы Нұркен Ержанұлы да бар.

Өз сөзінде ол жасалып жатқан саябақтың бір тасын болсын қаласқанына қуанышты екенін айтты.

Айта кетейік, Қойтас саябағының бірінші кезеңіне жергілікті бюджеттен 62 миллион теңге қаражат бөлініпті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА

АБАЕВ ПРОКОММЕНТИРОВАЛ

Первый замглавы администрации президента РК Даурен Абаев прокомментировал инициативу блогера о создании «языковых рейдов» для выявления русскоязычного населения, передает ИА «NewTimes.kz».

Ранее блогер Куат Ахметов опубликовал несколько провокационных видеозаписей с так называемыми «языковыми рейдами», которые вызвали широкий резонанс в российском медиапространстве. Абаев назвал это «пещерным национализмом».

«Вне всяких сомнений, такие прецеденты недопустимы и возмутительны. Подавляющее большинство наших граждан осуждает такие проявления пещерного национализма», — сказал он в интервью Александру Трухачеву в программе «Открытый диалог «2.0».

Следом первый замглавы АП дополнил, что правоохранительные органы дадут «справедливую правовую оценку» деятельности блогера.

Он уточнил, что это необходимо не потому, что российские депутаты возмутились, а потому, что в нашей стране подобные действия жестко пресекаются вне зависимости от того, кто подвергся дискриминации и по какому поводу: казахи, русские или представители других этносов.

Даурен Абаев заявил, что подобное происходит во всем мире, однако это «не говорит о том, что они поощряются государством или являются тенденцией».

«Разве можно по неадекватным поступкам двух-трех человек судить о положении дел в стране с 19-миллионным населением? Думаю, что нет», — считает он.

По словам Абаева, на эмоциях о положении русского языка в Казахстане можно наговорить многое, но «факты — упрямая вещь».

В дополнение к вышесказанному первый замглавы администрации президента сказал, что в Казахстане русским языком владеет почти 90% населения, что является одним из самых высоких показателей в мире за исключением самой России и, может быть, Беларуси.

«У нас более 30% школьников обучаются на русском языке при том, что доля самих русских в структуре населения сейчас около 20%. Разве это не говорит о востребованности языка? В Казахстане работают более 23 тыс учителей русского языка и литературы, что больше, чем в любой стране Центральной Азии. Поэтому говорить об ущемлении русского языка в Казахстане по меньшей мере несправедливо», — резюмировал он.

ПРАВИТЕЛЬСТВО

Премьер-министр Аскар Мамин поручил обеспечить соблюдение ограничительных мер и масочного режима в Казахстане, передает корреспондент Tengrinews.kz.

ПРЕМЬЕР МАМИН ДАЛ ПОРУЧЕНИЕ

«Важным способом выхода из пандемии остается вакцинация. В настоящее время всего вакцинировано более 5,9 миллиона человек первым компонентом, вторым компонентом привито около 4,5 миллиона человек. Но этого недостаточно. Необходимо усилить темпы вакцинации, особенно этот вопрос должны взять под контроль акимы Западно-Казахстанской, Мангистауской и Атырауской областей и обеспечить исполнение плана вакцинации в августе текущего года», — сообщил Мамин на заседании правительства.

Премьер поручил держать эпидситуацию на контроле во всех регионах. Особое внимание Аскар Мамин обратил на города Нур-Султан, Алматы, Шымкент и Карагандинскую область.

«Нужно обеспечить соблюдение населением ограничительных мер, особенно масочного режима. Для этого активизировать работу мониторинговых групп, нарушители должны быть привлечены к ответственности», — добавил Аскар Мамин.

По его словам, количество субъектов предпринимательства, участвующих в системе Ashyq, постоянно увеличивается.

«Их стало больше в 5 раз — с 21 тысячи до 101 тысячи. Это дает возможность бизнесу продолжать свою деятельность. Поэтому необходимо и далее расширять сферы применения приложения Ashyq», — резюмировал Аскар Мамин.

ЦЕНООБРАЗОВАНИЕ

УГОЛЬ ПОДОРОЖАЕТ В КАЗАХСТАНЕ

Добыча угля к монопольной деятельности в Казахстане не относится. В МИИР РК рассказали, почему уголь обойдется потребителям дороже, чем в прошлом году, сообщат zakon.kz.

Государство не регулирует ценообразование при наличии в отрасли рыночных отношений. Добыча угля к монопольной деятельности в Казахстане не относится. Поэтому уголь отгружается на энергетические предприятия по отпускным ценам разрезов, а основной объем угля для коммунально-бытовых потребителей и населения реализуется посредством товарной биржи, — сообщили в ведомстве.

В 2021 году протоколом Биржевого комитета утверждены секционные правила по реализации коммунально-бытового угля через товарные биржи. Новые правила призваны помочь сформировать объективные рыночные ценовые индикаторы (не монопольно высокие для потребителей и не невыгодно низкие для поставщиков).

По новым правилам 10% от угольной потребности области региональные операторы получат через товарную биржу напрямую в целях исключения посредников. Оставшиеся 90% угля угледобывающие компании вправе реализовывать на своих условиях — прямые контракты, биржевые торги. Однако цены и на этот объем будут находиться на контроле у антимонопольного органа.

Тем не менее специалисты МИИР РК признают, что уголь обойдется потребителям дороже, чем в прошлом году.

Проведенный анализ затрат предприятий, которые влияют на рост цен на угольную продукцию, подтвердил, что у производителей выросли тарифы на электроэнергию, взрывчатые вещества и ГСМ (до 24%), а запасные части на шахтное оборудование — в 1,6 раза. В среднем на 8−18% повысилась и заработная плата на разрезах, — заключили в ведомстве.

В министерстве отметили, что угольная отрасль не субсидируется государством, поэтому рост производственных затрат напрямую скажется на стоимости угля для конечных потребителей. По оценкам аналитиков, в зависимости от марки можно ожидать рост цен в тенге за тонну угля на уровне от 9,9% до 24%.

ПО СЛУХАМ И ДОСТОВЕРНО

Не соответствует действительности. Так прокомментировали в пресс-службе Министерства иностранных дел РК информацию о приеме Казахстаном беженцев из Афганистана, передает корреспондент МИА «Казинформ».

В МИД ОПРОВЕРГЛИ ИНФОРМАЦИЮ

«На сегодняшний день распространяемая информация не соответствует действительности. Ситуация в Афганистане меняется ежечасно, поэтому говорить о конкретном решении преждевременно», — пояснили в МИД РК.

Напомним, Президент РК провел совещание с руководителями силовых органов по ситуации в Афганистане. Глава государства поручил принять меры для обеспечения безопасности наших граждан и дипломатов, находящихся в ИРА. Казахстан обеспокоен эскалацией напряженности в Афганистане и внимательно следит за развитием событий.

Ранее сообщалось, что 14 августа на одном из участков государственной границы Узбекистана с Афганистаном группа военнослужащих ВС Афганистана в количестве 84 человек пересекла линию госграницы и была задержана пограничными нарядами ПВ СГБ, при этом нарушители границы сопротивления не оказывали и обратились с просьбой о помощи, в том числе медицинской, для трех раненых. В воскресенье стало известно о том, что боевики движения «Талибан» (организация запрещена в Казахстане) начали наступление на Кабул. Это столица страны и последний крупный населенный пункт, который контролируют силы правительства.

КАДРОВЫЙ РЕЗЕРВ

1 СЕНТЯБРЯ НАЧИНАЕТСЯ ОТБОР КАНДИДАТОВ

1 сентября начинается отбор кандидатов в Президентский молодежный кадровый резерв. Об этом сообщила Председатель Агентства РК по делам государственной службы Анар Жаилганова, передает корреспондент МИА «Казинформ»,

«Учитывая положительный опыт предыдущего отбора в резерв, руководством страны было принято решение продолжить работу по отбору в резерв уже на системной основе. Так, в соответствии с поручением Главы государства, Национальной комиссией по молодежному кадровому резерву при Президенте утвержден порядок отбора в резерв и план его проведения, в соответствии с которыми мы начинаем отбор в резерв с 1-го сентября текущего года. По итогам будет отобрано 50 резервистов для государственного сектора», — отметила Анар Жаилганова.

Ранее были озвучены требования к кандидатам на отбор в Президентский кадровый резерв.

ВАКЦИНАЦИЯ

ШТРАФОВАТЬ ЗА НЕПРИВИТЫХ РАБОТНИКОВ МОГУТ

Руководитель управления комитета санэпидконтроля Марал Рахимжанова прояснила, почему штрафовать непривитых работников является законным, передает ИА «NewTimes.kz».

Генпрокуратура говорит о том, что постановление главного госсанврача не является нормативным правовым актом. Об этом надзорный орган сообщил НПП «Атамекен», которые позже заявили о незаконности подобных штрафов.

По словам Рахимжановой, в статье кодекса о здоровье РК «Условия введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, в случае угрозы возникновения эпидемий, инфекционных заболеваний» говорится о том, что постановление главного госсанврача РК подлежит опубликованию и обязательно к исполнению всеми казахстанцами.

«Для того чтобы привлекать (штрафовать — прим.), необходимо министерству здравоохранения войти в существующий приказ и там внести дополнения о том, что вопрос вакцинации также может быть предметом, за который необходимо возлагать административную ответственность, плюс еще в алгоритмы работы мониторинговый группы также будут внесены соответствующие права на внесение полномочий по контролю карантинных мер», — заявила глава управления санэпидконтроля.

Полосу подготовил Шора ХАМИТОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жалған диплом, емқор мұғалім

«Ұстаз» деген ұлы ұғым бүгінде ұлтараққа айналды. Бұл пікіріме біреулер келісер, біреулер келіспес. Әйгілі ғұлама Әл-Фараби: «Ғылымды үйренем деген адамның ақыл-ойы, айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт. Жәй ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмаса керек» деді. Тәуелсіздік алып, елдің бәрі қара базарды жағалап кеткенде, ауылды жерлерде мектеп пен жергілікті әкімдікте ғана жұмыстар болды. Тіпті бертінге дейін мектепке мұғалім болып орнығу үшін, еден жуу-шыдан бастап ұстазға дейін пара беру, пара алу үрдіске айналды. Сапалы білім беретін, өз ісіне жан-тәнімен берілген ұстаздар саусақпен санарлық екенін елдің бәрі айтады. Басқа-басқа, балаларға бағыт-бағдар беріп, әділдікке тәрбиелейді деген ұстаздардың да қолдары таза болмай тұр. Тіпті жетімнің ақысын жеген мұғалімді «кім?» деп айтуға болады.

Алты жыл бойы балалар үйінің ақшасын қолды етіп келген Алматы облыстық №1-ші балалар үйіндегі бұрынғы әлеуметтік мұғалімі қызметтік өкілеттігін пайдаланып, балалардың есеп-шотындағы ірі соманы жымқырыпты. Атын атап, түрін түстеуге де қолымыз батпай отыр. «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ қой» дейін десек, жетімдердің ақысына ауыз салған ұстаздың ұсқынсыз әрекетінен жиіркенесің. Директордың сенім хатына ие болғандар мектептің жүрегі саналған мұғалімдердің атына кір келтірді-ау деп налисың. Қамқоршыларынан, асыраушысынан айырылу мен мүгедектігі бойынша жәрдемақы беріп отыру үшін банктік шоттар ашыпты. Бұл қылмысты жолын 2015 жылдан 2018 күзіне дейін жалғастырған. Алайда мектеп директоры қол астындағы мұғалімінің қылмыстық әрекетін біліп, оған еш шара қолданбаған. Не жұмыстан шығармай, не полицияға хабарламай, не сенімхатын қайтарып алмаған. Алты жыл ішінде 67 миллион теңге ұрлаған мұғалім, тұтылып, сот барысында барлық кінәсін мойындап, балаларға 10 миллион теңге қайтарып беріп, жеті жылға абақтыға тоғытылған. Енді ол кесілген жеті жыл мерзімін өтеп болған соң он жылға дейін білім саласына мұғалімдік қызметке жолай алмайды. Ал, әріптесінің қылмысын бүркемелеген, балалар үйінің бұрынғы директоры, Қылмыстық кодексінің 371-бабы «Абайсыздық» бойынша кінәлі деп танылып, 2,7 млн. теңге айыппұл салынып, мемлекеттік қызметте жұмыс істеу құқығынан айрылды.

Мектептің жүрегі деген мұғалімдер жемқорлықпен шатылып жүрсе, олардан тәлім-тәрбие алып жүрген балалардың болашағы қалай болмақ. Павлодар облысында бұрын қылмыс жасап, істі болған адамдар мектеп ұжымын басқарған. Олардың бірі сыбайлас жемқорлыққа қатысты жауапқа тартылған болса, екіншісі адам өлтірген. Бірақ аса ауыр қылмысты жасаған кезде күйзелісте болғаны анықталып, медициналық сараптамалар негізінде қылмыстық іс тоқтатылған. Дегенмен сот тарапынан оқытушылық қызметпен айналысуға тыйым салынған болып шықты. Соған қарамастан бұл адамдардың мұғалімдік жұмысқа қалайша қабылданғанына «атам да аң таң, апам да, аң таң». Ал сол кездегі жауапты тұлғалар зейнеткерлік демалыста немесе басқа жұмысқа ауысқан. «Естімеген елде көп» демекші, бұрын істі болған немесе жалған дипломмен мұғалімдік қызмет атқарып келген ұстаздардың да құрыққа ілінгенін естіп, төбе шашың тік тұрады. Мәселен, Павлодар облысына екі бірдей мектеп директоры бұрын қылмысты болғандар. Олар кезінде кісі өлтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Заң бойынша директорлық тұрмақ, жай мұғалім болуға олардың құқығы жоқ болатын. Ал екіншісі алдымен оқу ісінің меңгерушісі, одан кейін директорлық қызметке тағайындалған. Құзырлы орган прокуратураның тексеру нәтижесінде мұндай келеңсіздіктер республиканың барлық оқу орындарынан анықталған. Мәселен, Ақтөбе облысында мектеп пен коллеждерде 34 мұғалім жалған дипломмен жұмыс жасаған. Сонда олардың білім деңгейі қай дәрежеде болған. Білімі біліктілігіне сай болмаса, қанша баланың обалына қалғанын бір Құдай ғана біледі. Ал, шынайы дипломы бар қаншама адам жұмыс таппай білім ошақтарының босағасын сығалап жүр. Жалған дипломмен жұмыс жасағандар мемлекет есебінен айлық алып күн көріп келді. Прокуратураның назарына іліккен ақтөбелік 34 мұғалімнің арасында 11 мұғалім қала мектептерінде, мектепке дейінгі мекемеде 13 және колледждерде 7 оқытушы, тағы 3 мұғалім өзге білім беру мекемелерінде жұмыс жасаған. Мұндай сорақылықтан Алматы облысы да құр алақан қалмапты. Прокуратура органдарының берген мәліметі бойынша 2020 жылы жалған дипломды 25 мұғалім анықталса, оның үшеуі директорлық қызмет атқарған. 2021 жылы 6 мұғалімнің жалған дипломмен жұмыс жасағаны әшкерленген. Құзырлы органдар жалған құжат жасаушылармен жыл сайын күресіп келеді. Алайда, «құйрығымен ізін жасырған түлкідей» алуан түрлі айлаға

баратындарды түп-тамырымен отап тастау, мүмкін болмай тұр. Ал, бастарын ауыртпай, оқымай, тоқымай-ақ, ұстаздық дәрежеге қол жеткізгендердің ары таза болса, мұндай әрекетке бармас еді. Алайда, олардың арасында бұрын істі болған, әрі мұғалім бола тұра қылмыс жасағандар туралы айтудың өзі қорқынышты. Қоғамға не қажет болса соны лезде жасап бере қоятын алаяқтар мен түрлі сайттарда жарнамасы жер жарып тұрған дипломның бағасы да көрсетілген. Олардың біразының жолы кесілді де, алайда «жеті басты айдаһардай» бір басын шапсаң, қалған алты басы қылтиып тұрады. Жалғандықтан көз ашпайтын, аш көздік білім саласын былықпен шылыққа әбден батырған. Бірін айтсаң екіншісі, үшіншісі қамқа тонға сіркелеген биттей өріп шыға келеді. Ата-аналар балаларын сеніп тапсырған сол білім беретін мұғалімдердің де арасынан педофильдер шығуда. Алматы облысында бұрын болған алты оқиға, мұғалімдердің қолымен жасалған зорлық-зомбылық екенін прокуратура органы мәлім етті. Мектепте, жемқор, педофиль мұғалім жүрсе, сонда ата-аналар балаларын кімдерге сеніп тапсырып жүр. Бұл жерде мұғалім жаман деуден аулақпыз. Оқушыға қол көтерген мұғалімдер туралы да қоғамда аз айтылған жоқ. Тіпті Павлодар облысында 19 жасар мұғалім ауылдық мектепке жұмысқа орналасып, кешкілік интернетпен жұмыс істеуге білім ордасына бара жатқанда бұрында істі болған қылмыскер мұғалімді зорлап кеткені жайлы қоғамда дүрбелең болған. Оқушының анасынан таяқ жеген мұғалім туралы да ағай-аттан болғанды. Бұл оқиға жайында Алматы облысының Іле ауданында болғанын ел ұмыта қойған жоқ. Айықпас індетке айналған жемқорлықпен де шатылып жатқан ұстаздар. Алматы облысының білім басқармасын басқарған бас мұғалімге қатысты тергеу әлі жүріп жатыр. Еңбекшіқазақ ауданында бір мектеп директорының да жемқорлықпен шатылғанын жасырып-жабуға келмейді. Қапшағай қаласындағы білім бөлімін ұзақ жыл басқарған ханымда бірінші сатыдағы сотта екі жылға абақтыға тоғытылып аппелляциялық шағым беріп мол мөлшерде айыппұл төлеп, мемлекеттік қызметтен аластатылды. Жалпы осы Қапшағайдағы бұрынғы, білім бөлімі басшысының іс-әрекетіне қа- тысты, қол астындағы мұғалімді қудалап, әрі бір емес екі мәрте заң бұзған мектеп директоры болған «А». есімді азаматшаны қорғап-қолпаштағаны үшін ақпарат құралдарында шулы мақалалар жарияладық. Айналып келіп өзі де істі болып, басына қара бұлт үйірілді. Міне, мектептердегі нашар ұстаздар осындай басшыларға арқа сүйеп, жалғандыққа, көз бояушылыққа барады. Құзырлы органдардың сүзгісінен өткен, жалған дипломды, әрі жемқорлықпен шатылғандар, мұғалім деген тұнық бастауды лайлағандар туралы қалам тербеп отырмыз. Адольф Дистервег: «Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп, табуға үйретеді» десе, «Алты алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын – мұғалімдікі» деген Мағжан Жұмабаевтың тағылымды сөзін бүгінгі таңда қайталап айтуға аузың бармайды. Өйткені «Бір қарын майды бір құмалақ шірітіпті» дегендей, білім жүйесіндегі жүйесіз реформа, жоғары оқу орындарынан бастап, орта білім беретін мектептерде былыққа белшеден батқанын көзге шыққан сүйелдей көрсетіп тұр. Жемқорлыққа жол ашып тұрған жалған диплом жайлы Талдықорған қаласындағы жоғары оқу орны Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде өткен жылы «Жалған диплом – жемқорлыққа жол ашады» атты мәжіліс өткен-ді. Онда еліміздің білім саласында еңбек етіп жүрген біліксіз мамандардың диплом алу кезіндегі қитұрқы әрекеттері сынға алынған. Мониторинг кезінде жалған дипломмен жұмыс істеп жүрген мамандар анықталып, әр саланың жұмысына келтірген залалы жайлы айтылған-ды. Сол жалған дипломның құны 265 мың теңге тұратыны, оны дайындау мерзімі бар-жоғы 1-2 күнде шешілетіні кеңінен сөз болған. Жалған дипоммен жалғанды жалпағынан басқандар І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде, Алматыдағы Спорт және еңбек академиясында, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде, Алматы қаласындағы Алматы технология және бизнес институтында оқыдық деген жалған диплом алған бес адамға қатысты іс сол кезде ішкі істер органдарына жіберілген. Тек қана орта білім беретін мектептерде ғана емес, арнаулы орта білім беретін колледждер мен жоғары оқу орындарында да жалған дипломмен ағартушылық қызмет атқарғандардың жеңі ұшынан жалғасқан жемқорлықпен жұмысқа орналасқандарын көруге болады.

Жалған диплом, жалған мұғалімдермен прокуратура органдары аяусыз күрес жүргізіп келеді. Алайда, жылма-жыл тексерістен айылын жиып, аяғын тартып жатқан мұғалім сымақтарды көрмейсің. Керісінше, шырмалған шырмауықтай, түйіні тарқатылмайтын жемқорлық, көзбояушылық білім ордаларын ордалы жыландай жаулап алуда. Осындайлардың кесірінен білім сапасы ауылды жерлерде неге төмен деп сұраудың өзі әбестік. «Алдыңғы арба қайда жүрсе артқы доңғалақ сонда дөңгелейді» демекші, ұстаздардан көргенін оқушыларда қайталап, қойын-қоншыларына ұялы телефон тығып, жалған құжатпен орындарына студенттерді кіргізіп, ҰБТ-да шулатып жүрген жоқ па? Әлгі жалдамалы репетиторларда рейтингісін көтереміз деп жалғандыққа барып жүр. Оны бүкіл желіні шулатқан әзілкеш Тұрсынбек Қабатовтың қызы жайлы алып-қашпа ақпараттан, «мен кінәлімін деген репетитор» әрекетінен көруге болады.

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАСПАСӨЗ-МӘСЛИХАТЫ

ХАЛЫҚ САНАҒЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазан аралығында Қазақстанда жалпыұлттық халық санағы өтпек. Санақ «Қазақстанда әркім маңызды!» ұраны аясында ұйымдастырылмақшы.

Бұрынғы санақтармен салыстырғанда биылғы санақты барынша цифрландыру көзделіп отыр. Атап айтқанда, 1 қыркүйектен 15 қазанға дейін Ұлттық статистика бюросының арнайы сайты ашық тұрады: sanaq.gov.kz. Бұл санақ аясында барлық сұраққа онлайн жауап беруге мүмкіндік береді. Қазанның соңғы екі аптасында интервьюерлер тұрғындардың үйлерін аралап, планшеттер арқылы ыңғайлы формада толтыратын болады.

Осы бағытта халықты ақпараттандыру барысында Алматы облысы бойынша Ұлттық статистика бюросы департаменті басшысының орынбасары Динара Орысбайқызы «Jetisy Media» ақпараттық алаңында өткен баспасөз-мәслихатында алдын ала ақпарат берді.

Оның айтуынша, әр санақ сайын халқымыздың санының өскенін білудің өзі бір бақыт. *«Санақ не үшін керек десеңіз, мемлекет елдегі халық санын, этникалық құрамын дәл білуі үшін, халықтың тұрмысын зерттеу үшін, бұрынғы есептермен салыстырып, өзгеру серпініне талдау жасайды. Санақ нәтижесі бұдан кейінгі есептерге, алдағы жылдарға жоспар, болжам жасау үшін аса маңызды»* – дейді Д. Орысбайқызы.

Өз сөзінде ол санақ жүргізу үшін республика бойынша 9,5 млн. қаражат бөлінгенінін де айтып өтті. Ол қаражат электронды құрылғыларға сондай-ақ, қызметкерлердің жалақысына жұмсалмақ.

Баспасөз-мәслихатында 2021 жылдың ұлттық санақ парақтарындағы сұрақ тізбесі айтарлықтай ұлғайтылғандығы туралы да айтылды. Санақ жүргізу кезінде Қазақстан азаматтарына барлығы 87 сұрақ қойылса, мұнда барлығы 67 сұрақ және оған қосымша 20 нақтылаушы сауал кіріктіріліпті.

Халық санағына қатысатын әрбір Қазақстан азаматы елдің әлеуметтік бағдарламаларын жоспарлауға және дайындауға ауқымды үлес қосады деп сенейік.

Ардагүл ӘСКЕРБЕККЫЗЫ

● БАСҚОСУ

ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ЖЕЛТОҚСАН – ЕГІЗ ҰҒЫМ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ЖӘНЕ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНЫҢ 35 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ТАЛДЫҚАЛАДА «ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ ТҰҒЫРЛЫ БОЛСЫН» АТТЫ АРДАГЕРЛЕР МЕН ЖАСТАР АРАСЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТТІ.

Шараға жиналған қауым алдымен «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты кітап көрмесімен танысты, егемен елдің қалыптасу жылдарына арналған бейнеүзіндіні тамашалады.

Басқосуда сөз алған Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі Болат Тұрысбеков тәуелсіздік ұғымының маңыздылығына тоқ-талды. Осы орайда дайындаған «Тәуелсіздік тұғыры» тақырыбында баяндама жасады.

Мұнан соң сөз алған облыстық ардагер әжелер ұйымының мүшесі Жамал Дәркенбаева да қастерлі тәуелсіздігіміз туралы тұшымды ойларын ортаға салды.

«Биыл қастерлі тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттық тұғырының нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Отыз жылда еліміз етек-жеңін жиып, шегарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан жалғасып келе жатқан ұлы жеңістің жемісі» – дей келе отыз жылда жеткен жетістіктерді саралап берді.

Сонымен қатар жиында «Желтоқсан желі – ызғарлы» тақырыбында «Жетісулық желтоқсандықтар» қоғамдық қорының мүшесі Қайырбек Сасықбаев баяндама жасап, желтоқсан оқиғасы туралы әңгімеледі.

Шара соңы Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясы әншілерінің әуезді әндерімен қорытындыланды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ВЕБИНАР

ТҮРКІТІЛДЕС ЖУРНАЛИСТЕР ҚОРЫНЫҢ *тегін SMM курсы басталды*

«ӘЛЕУМЕТТІК ЖУРНАЛИСТИКА: БАҚ-ТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР» ВЕБИНАРЛАР СЕРИЯСЫ «SMM: АЛҒЫШАРТТАРЫ» ТАҚЫРЫП АЯСЫНДАҒЫ ОНЛАЙН СЕМИНАРМЕН ЖАЛҒАСТЫ. «ZOOM» ПЛАТФОРМАСЫНДА 100-ГЕ ТАРТА ЖУРНАЛИСТ ҚАТЫСҚАН СЕМИНАРДЫ АҚТОЛҚЫН ХАЛМАН ТРЕНЕРЛІК ЕТТІ.

Медиатренер өз сөзінде SMM - жеке тұлғаның, компанияның брендін, атын әлеуметтік желілер арқылы қалыптастыру, қызмет көрсету, тауар сату, ықпал ету көлемін арттыру бойынша жүргізілетін жүйені таныстырды. Айтуынша қазіргі таңда еркек атаулы «Facebook» желісіне жақын келсе, қыздар қауымы «instagram» желісін қолданғанды жөн көреді.

«Инстаграм парақшасын ашқан кезде аккаунттың атын өзіңіздің есіміңізбен қоймаған абзал. Себебі, «Арай Есімбекова» деп қойып, торт жасайтын аккаунт ашсаңыз, сізді тұтынғысы келетін клиент таппай қалуы әбден мүмкін. Өйткені «іздеу» бастырмасы арқылы торт-ты қажет еткен адам «торт» деп жазып іздейтіні белгілі. Сондықтан аккаунт атын «торт» немесе өзіңіздің кәсібіңіздің атымен ашқан дұрыс. Сондай-ақ, аккаунт атын кейбір қыз-келіншектер «aaaiko» деп бір әріпті бірнеше рет пайдаланады. Сізді тұтынатын клиент лезде табу үшін аккаунттың атын жеңіл таңдағаныңыз дұрыс» – деген ол пандемия ғаламтор желісінің қарқын алуына себепші болғанын айтады.

«Карантиндік режимге байланысты көптеген дүкендер жабылып, онлайн тәртіпке көшкен болатын. Сөйтіп, инстаграм, фейсбук, уатсап желілері арқылы жұмыс жасалуда. Егер бір адам бір нәрсені ұнатса ол міндетті түрде іздеген затын сататын аккаунт іздейді. Ол жерден бағасын, түсін таңдау мақсатында бизнес аккаунтқа жазады. 15 минут ішінде жауап қайтпаса, басқа аккаунтқа тапсырыс беретінін сөзсіз. Сондықтан, егер бизнес аккаунт ашсаңыз, жылдам қызмет жасау басты мақсатқа айналдыру керек.

Менің бір психолог танысым бар еді. Үш жыл бұрын 3000 адамы ғана болған. Қазір 500 000 оқырманмен жұмыс жасап отыр. Басты себеп, онлайн режимде үнемі болу, сурет, видео, историяларды уақытында салып, жүйелі түрде жұмыс жасағандықтан оқырман саны күннен-күнге өскен. Түстерді жақсы үйлестіре білген жөн. Шығын шықпай кіріс кірмейтінін ескеру керек. Яғни, өз аккаунтыңызды басқа танымал аккаунтқа жарнама жасау да бір мүмкіндік болып табылады.

Ең қауіпті нәрселердің бірі инстаграмыңызды біреу ұрлап алу қаупінен сақ болу үшін фейсбук желісі мен қатар пайдаланып жүрген нөміріне тіркеп қойған абзал» – дейді А. Халман.

БАҚ өкілдеріне арнап өткізіп жатқан тегін SMM курсы алдағы уақытта да SMM туралы егжей-тегжейлі ақпарат беретін болады.

А. ҚҰСЫМАНҚЫЗЫ.

ВАКЦИНА

СОЗЫЛМАЛЫ АУРУҒА ШАЛДЫҚҚАН 5,5 МЫҢ ТҰРҒЫН ЕКПЕ АЛДЫ



Алматы облысында 423 адам вирус жұқтырды. Нәтижесінде індеттің өсу қарқыны соңғы екі аптада 0,9 пайыздан 1,0 пайызға артты. Алакөл, Балқаш, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Сарқан, Кеген, Ұйғыр аудандарында және Текелі, Талдықорған қалаларында індетке шалдығушылар саны салыстырмалы түрде көп.

Коронавирустың таралуы қарқын алуына байланысты әлі күнге екпе салу жалғасуда. Қазіргі кезде өңірде 631 037 мың адам вакцинаның I компонентін қабылдады. Оның ішінде мемлекеттік қызметкерлер – 12 197, медицина қызметкерлері – 23 595, педагогтар – 39 075, ТЖМ, Қорғаныс министрі, ҰҚК, ІІМ, ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері – 21 281екпе салдырып, көш бастап тұр. Сонымен қатар созылмалы аурулары бар 5588 тұрғын вакцина алды. Ал, екпенің екінші бөлігімен 497 721 адам егілгендігі расталды. Коронавируспен күресу бір сәтке де бәсеңсіген жоқ. Ұлт денсаулығы – ұлы қорған. Ұжымдық иммунитетті қалыптсатыру сіз бен бізге парыз екенін естен шығармайық.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Дүйсенбі - Понедельник, 23 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф « Қазақ даласының құпиялары»
06.30 «Ауылдастар»
07.00 «Айдаhар: БРЕК сақшысы»
08.00 «АЙНАЛАЙЫН»
09.10 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00,17.20 «Қызық екен..»
13.00 М/ф «Сүйкімді софия»
14.00,02.30 «Теледәрігер»
15.00,03.20 «Біздің полиция»
15.20,20.35 «Замандастар»
17.00,20.00,01.55 Aqparat
17.15 «Қанатсыз құстар»
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.20 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.50 «Сана»

ХАБАР

06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.30 «Әсем әуен»
11.30 «Тарих.Тағдыр. Тұлға.»
11.30 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА»
13.00,21.30 Т/х «Сырлы қала»
15.00 «Алпыстан асып барамын»
16.00,23.30 «Родина ждет»
18.00 «Бронкская история»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Індетпен күрескен»
20.45 «Как боролись с пандемией в Казахстане»
21.00 Итоги дня
01.30 «Тот, кто читает мысли»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛЬ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Made in Ұят»
15.30 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,30 Astana times
20.30 «Қазақы карантин»
00.40 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Әйел сыры»
06.40,03.35 «Той заказ»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15,02.50 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,02.20 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Гадалка »
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «ВЫЖИТЬ ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ»
00.30 «Мужские каникулы»

КТК

07.05«Өмір сабағы »
08.10 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.20 «Парижская тайна»
11.30 «И снова будет день»
16.00 , 01.15 «Не пара»
18.00 «Сенсіз өтпес күндерім»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.35 «Беглянка»
23.45 «ЛЕКТОР»
02.35 «Әйел қырық шырақты»
03.35-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Әкелердің әңгімесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Қазақ үні»
12.35 «Полицейская служба»
13.00 «Олжа»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
14.15 «Сағындырған әндерай» концерті
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (93-94 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.50 М/ф «Любимец учителя»
08.30 «Личное дело»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
13.00 Сериал «ҚҰЗҒЫН»
14.00 «Черный ЯСТРЕБ»
17.00 «Саған сендім»
18.10 «АКТ МЕСТИ»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «ВОРОН»
21.50 «ТАЙНА СЕМИ СЕСТЕР»
02.00 Кел, татуласайық!
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Регина +1»
11.00 «Добро пожаловать В КАПКАН»
13.00 «Бастық боламын»
14. 00, 02.15 «Q-елі»
16.00 «ТАЙНАЯ ЖИЗНЬ МОЕГО СЕКРЕТАРЯ»
17.30, 00.00 «ГРАНД»
18.00 «ВЫБОР МАТЕРИ»»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Скорая помощь»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.50 «ОПАСНЫЙ БИЗНЕС»

Сейсенбі - Вторник, 24 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф « Қазақ даласының құпиялары»
06.30 «Ауылдастар»
07.00 «Айдаhар: БРЕК сақшысы»
08.00 «АЙНАЛАЙЫН»
09.10 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00,17.20 «Қызық екен..»
13.00 М/ф «Сүйкімді софия»
14.00,02.30 «Теледәрігер»
15.00,03.20 «Біздің полиция»
15.20,20.35 «Замандастар»
17.00,20.00,01.55 Aqparat
17.15 «Қанатсыз құстар»
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.20 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.50 «Сана»

ХАБАР

06.00 «Хабарлайын»
07.00 «Таңғы хабар»
10.30 «Әсем әуен»
11.30 «Тарих.Тағдыр. Тұлға.»
11.30 «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА»
13.00,21.30 Т/х «Сырлы қала»
15.00 «Алпыстан асып барамын»
16.00,23.30 «Родина ждет»
18.00 «РАСПРАВА»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Індетпен күрескен»
20.45 «Как боролись с пандемией в Казахстане»
21.00 Итоги дня
01.30 «Тот, кто читает мысли»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛЬ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Made in Ұят»
15.30 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,30 Astana times
20.30 «Қазақы карантин»
20.50 Loto 5/36
00.40 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Әйел сыры»
06.40,03.35 «Той заказ»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15,02.50 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30,02.20 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Гадалка »
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «ВЫЖИТЬ ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ»
00.30 «Мужские каникулы»

КТК

07.05, 04.10,-04.40 кешкі жаңалықтар
08.10 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.50 НОВОСТИ
10.30 «Без фильтров»
11.50, 23.45 «ЛЕКТОР»
13.50, 21.35 «БЕГЛЯНКА»
16.00 , 01.15 «Не пара»
18.00 «Сенсіз өтпес күндерім»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.35 «Беглянка»
02.35 «Әйел қырық шырақты»
03.35-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 «Ұлытау ұлы» концерті
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 Д/ф «Кең ауқымда»
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (95-96 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.50 Әзіл күнделігі
07.20 Информбюро
08.30, 17.00 «Саған сендім»
09.50 «Иффет»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
13.00 Сериал «ҚҰЗҒЫН»
14.30 «Идеальный враг»
18.10 «Слепая ярость»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «ВОРОН»
21.50 «Животное»
01.20 Кел, татуласайық!
03.20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 «ВЫБОР МАТЕРИ»»
13.00 «Скорая помощь»
14. 00, 01.30 «Q-елі»
16.00 «ТАЙНАЯ ЖИЗНЬ МОЕГО СЕКРЕТАРЯ»
17.30, 00.00 «ГРАНД»
18.00 «ВЫБОР МАТЕРИ»»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.30 «АННА -ДЕТЕКТИВ»

Сәрсенбі - Среда, 25 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05,03.25 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары».
06.20,17.00,20.00,01.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN». Т/ә
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00 «Қызық екен..»
13.00 «Сүйкімді София».
13.40 «АЙДАhАРЛАР: БЕРК САҚШЫСЫ».
14.00,02.10 «Теледәрігер»
14.50,03.00 «Тұлға»
15.20,20.40 «Замандастар»
17.15 «ҚАНАТСЫЗ ҚҰСТАР».
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.30 «Сана»

ХАБАР

06.00 Хабарлайын
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Ән әлемі»
10.30 «Тарих.Тағдыр. Тұлға.»
11.30 « Зәуре »
13.00,21.30 Т/х «Сырлы қала»
15.00 Т/х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН»
16.00,23.30 «РОДИНА ЖДЕТ»
18.00 Мегахит«Узник»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Индустрия»
21.00 Итоги дня
01.15 «ТОТ ,КТО ЧИТАЕТ МЫСЛИ»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛЬ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Менің жолым»
15.30 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,45 Astana times
20.25 «Қазақы карантин»
20.55 Loto 6/49. Прямой эфир
00.55 «Қош келдіңіз»
02.15 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.00 «KazNet»
03.20 «Үздік әзілдер»
03.50 «ИНТЕРНЫ»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
06.40 «Той заказ»
07.05, 03.15 ТОЙ БАЗАР
08.00,01.40 П@утина
09.00 «Доброу утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 Т/ә «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30,02.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Гадалка»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Выжить любой ценой»
00.40 «Мужские каникулы»
03.00 «112»
04.00 «Той заказ»

КТК

07.05,04.10,04.40 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Өмір сабағы»
08.20 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.50 «НОВОСТИ»
10.30 «БЕЗ ФИЛЬТРОВ»
11.50 Х/ф «ЛЕКТОР»
13.50 Х/ф «Беглянка-2»
16.00 Х/ф «Не пара»
18.00 Т/х«Сенсіз өтпес күндерім»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.35 Х/ф «Беглянка-2»
23.40 Х/ф «ЛЕКТОР»
01.15 Х/ф «Не пара»
02.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
02.45 «Өмір сабағы»
03.25 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 Д/ф «Кең ауқымда»
11.00 «Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
14.15 «Әндер мен жылдар» концерті
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 Д/ф «Кең ауқымда»
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
20.10 «Тұғырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (97-98 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын (каз.)
06.50 «Әзілдер күнделігі»
07.20 Информбюро(повтор)
08.30, 17.00 «Саған сендім»
09.40 «Иффет»
11.00, 23.40 «Ананди»
13.00 «Құзғын»
14.30 «Идеальный враг»
18.10 What's up?
18.30 Хф «Животное»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «ВОРОН»
21.50 «Большой папа»
01.30 Кел, татуласайық!
03.30 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 Т/с «Выбор матери»
11.00, 19.30 «Скорая помощь»
13.00 «Бастық боламын»
14. 00, 01.30 «Q-елі»
16.10 «Тайная жизнь моего секретаря»
17.30,00.00 Сериал «Гранд»
18.00 «Случайный кадр»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат »
00.30 « Анна –детектив»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІПКЕРЛІК

СҰРАНЫСҚА ИЕ ҚЫЗМЕТТЕР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ҚЫЗМЕТТЕРІ ЕҢ СҰРАНЫСҚА ИЕ ҚЫЗМЕТТЕР ҚАТАРЫНДА. 2021 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА ӨҢІРДІҢ 10 МЫҢНАН АСТАМ КӘСІПКЕРІ «БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2025» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА БИЗНЕСТІ АШУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТТЕР МЕН КЕҢЕСТЕР АЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ХАБАРЛАДЫ.

Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Әсет Шаяхметовтың айтуынша, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында кәсіпкерлік субъектілеріне ақысыз негізде облыстың қалалары мен аудан орталықтарындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары арқылы қаржылай емес қолдау көрсетіледі. Биылғы жылдың I жартыжылдығында өңірдегі 10 511 кәсіпкерге 9705 сервистік және консультациялық қызмет көрсетілген. Сондай-ақ, 13,8 млрд теңгеге 375 бизнес-жоспар әзірленіп, оның ішінде жалпы сомасы 2 млрд теңгеге жуық 55 жоба іске асырылды.

«*Жүргізген талдауымызға сәйкес, сервистік қызметтер бойынша кәсіпкерлер арасында маркетинг мәселелері бойынша қызметтер мен бухгалтерлік және салықтық есепке алуды жүргізуге, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасауға байланысты қызметтер ең танымал болып табылады. Әрі қарай кәсіпкерлер заң қызметтері мен мемлекеттік сатып алу мәселелеріне жиі жүгінеді. Өтініштердің басым бөлігі ауыл шаруашылығы және сауда саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлердің үлесіне тиесілі. Ақпараттық қамтамасыз ету бойынша кәсіпкерлерде бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары, бизнесті ашу және жүргізу мәселелері және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мәселелері бойынша кеңестер сұранысқа ие*», – деп хабарлады Әсет Шаяхметов.

Өтініш білдіргендердің 97,4 пайызы шағын кәсіпкерлік субъектілері. Олардың жартысынан көбін немесе 54,5 пайызын әйелдер басқарады.

«Атамекен» облыстық палатасының басшысы Әсет Шаяхметов кәсіпкерлер үшін аталған қызметтер тегін екенін атап өтті. Сондай-ақ, барлық қызметтер www.g4b.kz ҚР ҰКП платформасы арқылы онлайн режимде толық көлемде ұсынылады.

Ш. ХАМИТОВ.

МАМАН МІНБЕРІ

ЖЕТІСУ АЛАТАУЫ

Алатау – жеріміздің көркі, еліміздің сәні болып саналады. Тау қойнауларындағы сандаған демалыс және сауықтыру орындары, Медеу мұз айдыны, шаңғы спортына арналған кешенді орындар Алатау мәртебесін арттыра түсіп, баурайына жұртшылықты жинай түсуде.

Еліміздегі ең ірі, жануарларға бай хайуанаттар бағы да осында. Ал, Алатау бөктерінде, Алматы облысының аумағында өсімдіктер мен хайуанаттарды қорғауға, табиғатты, табиғи ескерткіштерді сақтауға арналған мемлекеттік қорықтар да бар. Бұл күнде теңізге айналған Қапшағай су қоймасы, ондаған бұлақтар мен көлдер өңір ажарын аша түсіп, тұрғын халық берекесіне айналған. Мекен еткен кісі алыс кетсе сағындыратын, көрген жанның есінен кетпейтін Алатаудың табиғаты жылдың қай мезгілінде болсын көркем, таза, қызықты.

Салтанат КҮЛДІБАЙҚЫЗЫ,
М.Тынышпаев атындағы
Алматы облыстық тарихи-өлкетану
музейінің қызметкері.

ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ЖАҢА ЖОЛЫ

Медиация рәсімдерінің азаматтар арасында туындаған дауларды шешу барысында өзектілігі мен тиімділігі іс жүзінде толығымен расталды. Бүгінгі күнде көптеген азамат туындаған дау-жанжалдарды медиация тәртібімен реттеп, оның тиімділігін көруде.

Азаматтық-құқықтық дауларды медиация тәртібімен реттеудің тиімді жақтарының бірі – талап арызды беру кезінде төленген мемлекеттік баж салығы қайтарылады және істі сотта қарау барысында тараптардың жұмсалатын қаражаттары үнемделеді. Яғни, медиация рәсімдері нәтижесінде әр тарап өзіне тиімді шешімге қол жеткізеді және қаржысын үнемдейді. Себебі, сот шешімі шыққан жағдайда оған наразы жақ апелляциялық, кассациялық шағымдар келтірген кезде жоғары сатыда істі қарау барысында іске қатысушы тараптардан қосымша шығындар жұмсалатыны мәлім.

Жалпы, біздің халық дау, сот деген дүниелерден алшақ жүргісі келеді ғой. Қазақ басын дауға қалдырмауға тырысқан. Ал егер қоғамдық қатынастарда белгілі бір даулар туындап жатса оны ресми соттың алдына бармай-ақ ел ағаларына, қоғамдағы беделді ақсақалдардың алдына барып шешіп алатын болған. Сол себепті бүгінгі қоғамымыздағы қатардағы жұртқа қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ медиация бұл ата-бабамыздың салтында, дәстүрінде болған институт.

Қазіргі таңда еліміздің барлық деңгейдегі соттарында азаматтарға дауларды татуластыру рәсімдері арқылы реттеу үшін барынша жағдай жасалған. Атап айтқанда, барлық сот ғимараттарында медиация кабинеттері жұмыс істеуде және бұл кабинет әрдайым келушілерге қол жетімді.

Медиацияның ерекшелігі екі тараптың да тең құқылылығының сақталуында. Сонымен қатар, тағы бір ерекшелік медиаторлардың тәуелсіздігі мен бейтараптығы. Тағы бір мәселе, егер екі тарап медиацияның көмегіне жүгінеміз деп тұрса оған ешқандай орган араласа алмайды. Одан кейінгі тағы бір қағидаты – құпиялылығы.

Медиаторлардың мақсаты – екі тарап арасындағы белгілі бір даулы мәселені сотқа дейін шешу. Егер дау өте күрделі болса, сотқа дейін оның күрделілігін төмендету. Заңның басты мақсаты – екі жақтың құқын тең сақтап, мүдделерін қорғап алуларына жағдай жасау.

Жасыратыны жоқ, соттың шешіміне байланысты қоғамдық пікір туып жатады ғой. Келіспеушілік, наразылық білдіреді соңында. Ал медиация заңына жүгінгенде ол жерде бәрі құпия күйінде шешіледі. Яғни, медиация заңы арқылы түйінді тарқатамын деушілер үшін бұның оң ықпалы, пайдасы мол деп айтар едім.

Эльнура БЕДЕЛБАЕВА,
Алакөл аудандық сотының жетекші маманы.

Қазіргі таңда елімізде үш тұғырлы тіл саясатының аясында мемлекеттік тіл – қазақ тілін, қарым-қатынас тілі - орыс тілін, халықаралық тіл - ағылшын тілін меңгеру мақсат етіп қойылып отыр. Көп тілді білуге ұмтылу - жас ұрпаққа қойылған заман талабы. Тілдердің интеграциялық тәртібі полилингвалды тұлғаның дамуының бір жағдайы - үш тілді меңгерудегі негізгі тұғыр қазақ тілі болуға тиісті.

ӘРКІМНІҢ ПАРЫЗЫ МЕН МІНДЕТІ

Мемлекет тарапынан қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында қабылданып жатқан шаралар аз емес. «Қазақстанның Ұлт бірлігі» доктринасы соның жарқын дәлелі. Онда мемлекеттік тілді меңгеру бұдан былай «… әркімнің парызы мен міндеті» - деп атап көрсетілген. Сондықтан, қазақ тілі өзіне лайықты тұғырына сай қолданылуы үшін билік пен бұқара тығыз байланыста жұмыс жасауы тиіс. Тіл халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін келбеті. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, болашағымыз баянды болуы үшін әрбір азамат мемлекеттік тілді дамытуды, оның қолданылу аясын кеңейтуді басты борышымыз деп санауы керек. Мына бір мәселеге де мән беру артық болмас. Ғаламтордың дамуы оны қолданушылардың көптігімен өлшенеді. Ғаламтордың барлық мүмкіндігін пайдалана отырып қазақ тілін үйрететін сайттарды көптеп ашып, жоғарыдағы мүмкіндікті іске асырсақ, яғни, ғаламторда қазақ тілін үйретуге қызықтыратын сайттар көбейсе, әлемнің түкпір түкпіріндегі қазақ тілін үйренгісі келген адамдар өздігінен үйрене береді.

Марлен КІРҒАБАҚОВ,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

ҮЙ ЖИҺАЗЫ

САНДЫҚТЫҢ КӨНЕ ТҮРІ

Жағлан – Қазақстанның Оңтүстік өңіріне 18-19 ғасырларда кең тараған, киім –кешек салатын сандықтың көне түрі. Жағланның кейбір тамаша үлгілері қазірге дейін Шу бойын мекендейтін елдерде кездеседі.

Түркістан, Алматы музейлерінде де сақталған. Негізінен жалғандардың ұзындығы 60-70 см, ені мен биіктігі 30-35см шамасында болады. Жағланның негізі жұқа тақтайлардан құрастырылып, сырты түгелдей қалың былғарымен қапталады, тек бет жағы ғана әр түрлі әдіспен көркемделеді. Қошқар мүйіз, сыңар мүйіз оюлары жүргізіледі. Жағлан бетінің дәл ортасынан дөңгелек,екі шетінен жапырақ тәрізді дөнес көздер көксауыр былғарыдан ойыстырылады. Төрт бұрышындағы дөңгелек жұлдыз тәрізделіп бастырылған өрнектің ортасында күміс көздер болады. Жағлан сандық киім кешек салу үшін қолданған. Сондықтан қыз ұзатқан кезде артынан киім кешегін салып апарғанға қолданады. Сандыққа асыл-бұйымдар да салынады. Қазақ шеберлері Жағлан сандықты қайың, қара тал ағаштарының сүрегінен жасаған. Сандықтардың тұрмыста қолданылуына қарай көлемі де әр түрлі. Кіші сандықтар 30-60 см болса, үлкендері 60-120см-ге жетеді. Сондықтан сырты-нан кілттенеді, не құлып салынатын етіп жасалады. Көшпенді халықтар тұрмысында ерте кезде пайдаланып келетін ең ежелгі жиһаздың бірі.

Жағлан сандықтың көне түрі өте көп. Оңтүстікте сандықты бояумен сәндеу, ою жүргізу басымырақ болса, солтүстік, орталық шығыс өнірінде, түсті металдармен безендіру жиі кездеседі. Аты басқа болғанымен сандықты барлық жерде зат сақтау үшін пайдаланғаны анық. Сондықтан да сандық өз тарихын тереңнен алады дейді.

Салтанат КҮЛДІБАЙҚЫЗЫ
М .Тынышпаев атындағы Алматы
облыстық тарихи-өлкетану музейінің
қызметкері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ, ақын:

«ӨЛЕҢ – ӨМІР,

АЛАТАУ: – «*Күздің жылы күн-еріндей күлімдеп, Алпыс жас тұр жапырағы дірілдеп*» – деп Есенқұл Жақыпбек ақын айтқандай, алпыстың асқарына қадам басып отырсыз. Қазақ халқының дүниетанымында бұл жасты даналыққа бет алған, халықтың мұң-мұқтажын уайымдайтын кезеңге қадам басқан шақ деп есептейді. Қалай болғанда да алпыс адам өмірінің бір белесі емес пе? Бұл туралы сіздің ойыңыз қандай?

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ: – Шынымды айтсам, алпыс дегенді өз өмірімдегі ерекше бір кезең, бағындырған белес деп әлі сезіне қойған жоқпын. Мен үшін бұл күнтізбенің ақтарылған бір парағы ғана сияқты. Өмірімді алпысқа дейін және кейін деп бөлгім келмейді. Десе де, бұл жас санасы бар адамды ойландырмай қоймайды екен. Ең алдымен кешегі балалық, жастық шақтың келмеске кеткенін ұғасың. Соны ойлағанда атқармаған шаруаң, жасамаған ісің, жіберген ағаттықтарың жаныңды мазалайды. Қайсыбір қадамыңа қуансаң, енді бір әрекетің есіңе түскенде қарап отырып ұялатын кездер де аз емес.

Ал, өзің айтқан халық даналығына келер болсақ, алпыс адамға қосымша мүмкіндіктер бермейді-ау. Дана халқымыз: «Отызында орда бұзбаған, қырқында қамал алмайды!» – деген емес пе? Жастық шағында жалындап жанбасаң, егде тартқаныңда алаулайсың дегенге өз басым онша иланбаймын. Нағыз ұлтжанды азамат елдің қамын жиырма жасында да, отызында да ойлауы керек деп есептеймін. Меніңше, алпыс – осыған дейінгі өміріңнің, жасаған қызметіңнің, әрекеттеріңнің нәтижесін көретін, қажет десеңіз жемісін жейтін кезең болуы керек. Сонымен қатар іштегі желік басылып, әр нәрсені ақылға салып қарайтын, байыппен шаруа жасайтын уақыт та осы болуы мүмкін.

АЛАТАУ: – Осы жасыңызда көңіл-іңізге түйіп, тұтынған қағидаңыз не?

ҚУАТ ҚАЙРАНБАЕВ: – Менің әкем – Әбуғали (Әбіл), қарапайым ғана теміржолшы, анам – Күлжияз сегіз баланың қамымен үй шаруасымен айналысқан жандар еді. Әкемнің әлдекімдерге кейіген кездері: «Менің түтінім түзу ұшады!» – деп айтатыны есімде қалыпты. Сонда, «Жұрттың түтінін жел айдап әкетіп жатқанда, әкемдікі неліктен түзу ұшады?» – деп таңданатынмын. Оның ісі адал, әрқашан әділдікті айтатынын меңзегені екенін кейіннен барып ұқтым ғой. Дегенмен, адалдық, турашылдық қасиеттері әкенің қанымен, ананың сүтімен бойымызға дарыса керек. Адалы мен арамы, әділдігі мен сұрқиялығы мәңгілік күреске түсіп, итжығыс келіп жататын мына тірлікте өз жүрегіндегі аппақ дүниені сақтап қалу үшін де сол тәрбие керек-ау. Менің өмірден бір түйген нәрсем – адам нені іздесе, соған жолығады. Яғни, жақсылыққа жуыс жүрсең, сенің де жаныңа ниеттес адамдар топтасары анық. Ал, ойың да, ісің де бұзық болса, онда мені неге жаман адамдар қоршайды деп өмірге өкпелеудің қажеті жоқ. Пенде болғаннан кейін ешкім де қателіктер мен шалыс басудан ада емес. Жалпы, қателік жасаудан қорықпау керек деп ойламын. Мәселен, сол қателігіңді түсініп, түзей білуде жатқан сияқты. Ал, шығармашылық адамы үшін сызып қойған тура жолмен жүріп, «Кім не дейді?» – деп жан-жағыңа аландап күн кешу – тоқыраумен тең. Басыңды тауға да, тасқа да соға жүріп, өзіңнің іздеген нәрсеңе ұмтылу, бірде тауып, енді бірде бос қайту шығармашылықта нәтиже беретін болса керек. Ал, түйіндеп айтар болсам, жүрегіңдегі ар-иманды бағдар етіп, тағдыр толқындарына қарсы жүзсеңіз – армандарыңызға апаратын жол осы болса керек.

АЛАТАУ: – Сізді көзі қарақты қауым ақын, журналист, ретінде біледі және бұл саланың әрқайсысында өзіндік қолтаңбаңыз бар. Былайша айтқанда сегіз қырлы, бір сырлы қаламгерсіз. Дегенмен, осы қырларыңыздың қайсысы жаныңызға етене жақын?

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ: – Дүниенің қыр-сырын әлі ұға қоймаған бала кезімнен ақын болуды армандағаным есімде. Әкем қаріп танымайтын адам болғанымен жады өте мықты, зерек адам болатын. Кешкілік жұмыстан келіп, шәйін ішкеннен кейін жантая жатып, балаларды жанына жиып алып ұзақ-ұзақ қисса, дастандарды жатқа айтушы еді. Ал, әріп таныған кейінгі ермегім әдеби кітаптарды оқу болды. Міне, осы жайлар менің әдебиетке деген құштарлығымды оятса керек.

Ал, журналистикаға келетін болсақ, ол да шығармашылыққа тікелей қатысты дүние ғой. Ол кез келген ақын-жазушының қаламының төселуіне, дүниетанымының кеңеюіне, ізденіспен еңбек етуіне жол ашатыны рас. Мен өз мамандығымды ұнатамын және мақтан тұтамын. Дегенмен, екеуінің қайсы жаныңызға жақын десе, әрине, поэзияға бүйрегім бұратытын мойындауға тиіспін.

АЛАТАУ: – Бәрі балалықтан басталады. Әсіресе, шығармашылық адамы үшін ол шақтың жөні бөлек қой. Ұмытылмастай болған бала кезіңіздің ең бір қимас сәттері турлы айта отырсаңыз?

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ: – Біздің балалық шағымыз сол кездегі барша жасөспірімдерден ерекше бола қоймағаны анық. Қара жердің топырағын жалаңаяқ кешіп, таяқты ат қып мініп, күдіз-түні ағылып жататын пойыздардың терезесінен болашағымызды іздеп өстік қой. Есейе келе, әсіресе жаз айларында мектепке киер кииімізді өзіміз табу үшін шаруашылықтың жұмысына араласып, еңбектің де дәмін таттық. Бұл елде бейбітшілік орнап, халықтың тойып тамақ іше бастаған кезі болатын. Дегенмен, балалық шағымыз шуақты болды деп айтуға құқылымыз.

АЛАТАУ: – Ағаш жапырағымен, жер топырағымен құнды, ал адам баласы кіндік қаны тамған Отанымен, туған жерімен еңселі ғой. Туып-өскен алтын бесік мекеніңіз туралы да айтсаңыз, ат басын жиі бұрып тұрасыз ба?

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ: – Ақсу ауданына қарасты Егінсу деген теміржол стансасында дүниеге келіп, бастауыш сыныпты сонда бітірдім. Әкем дүниеден өткеннен кейін Байбол Нұрпейісов деген бауыры, біздің кіші әкеміз мені өз тәрбиесіне алып, Матайдағы мектепте оқытты. Теміржолшылардың балаларына арналған мектеп-интернаттың ұстаздары аса білікті, өз ісінің шеберлері-тұғын. Мектеп түлектері бірден жоғары оқу орындарына түсіп жататын. Мен болсам қаламгерлікті таңдадым. Екі отбасының балалары түгелге жуық ұстаздық пен инженерлікті меңгерген әулетте менің таңдауымды бірден құптамағаны анық. Бірақ, кедергі жасаған емес.

Жиі жолым түсе бермесе де Егінсу мен Матайға қатынап тұрамын. Егінсу орта мектебінің ұстаздары хабарласып, менің атымнан кабинет ашу жайлы ұсыныс жасады. Шамам келгенше сол кабинеттің жабдықтарын алып, жаңалап шықтық. Бұйырса, 1-ші қыркүйекте ашылу салтанаты болады деп отырмыз. Туған жерімдей болған Қапалға да барғанды ұнатамын. Туған өлкенің табиғаты мен адамдары менің жырларымның тұрақты тақырыбына айналған.

АЛАТАУ: – «Досыңыздың кім екенін айтсаңыз, сіздің кім екеніңізді айтып беремін» деген еді жазушы Д. Карнеги. Достарыңыз туралы айтсаңыз, соның ішінде жан дүниеңіздің байлығын шын бағалайтын достар бар ма?

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ: – Өмірден бір түйгенім, адамда жолдас деген есепсіз болғанымен, нағыз достар санаулы ғана болады екен. Сені бар күйінде қабылдап, қандай қиындықтарда да бірге жүретін досың болса – онда сен бақыттысың. Балалық шақтан бірге өскен екі досым тұрмыс жағдайына байланысты ауылда қалып, арамыз алшақтап кеткендей болды. Сыныптастарымнан Сейітхан деген досым бүгінге дейін бірге келеді. Университетте бірге оқыған Нұрлан Нұрғазин деген азаматты досым деп айта аламын. Ақын-жазушылардың, журналистердің арасынан тонның ішкі бауындай сыйласып жүрген жандар баршылық. Қалжыңдап айтқан сәлемімді шындап орындайтын ақын інілерім мені ұстаз тұтып, көңілімді аспандатып келеді. Айла жасап, аяқтан шалатын адамдарды сирек кездестірдім. Сірә, мен аға мен іниден, достан да опа көрген адам шығармын!

АЛАТАУ: – Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев «Поэзия, менімен егіз бе едің» деп жырлады. Сіз ше, бұл тұрғыда не дер едіңіз?

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ: – Өлеңді өміріне өзек еткен жан бұл сауалыңызға не деп жауап беруі мүмкін деп ойлайсыз?! Бір өлеңімде:

... Аңсайтын болар осындай ерек
шақты адам,
Жылдардан емес,
Жұлдызды сәттен бақ табам.
Бір ұйқас келіп ұйқымды бұзса,
шіркін-ай,
Әлемнің барлық шайыры іздеп
таппаған.

Өтермін, бәлкім, өмірдің мәнін
мол ұқпай,
Күн шықса күліп,
қуанып кейде толықса ай.
Қорқамын бірақ қызықты
қуып жүргенде,
Қалдым ба екен деп көп күткен
сәтке жолықпай.

Тағдырдың тұмса қиын ғой
қия жолдары,
Бір ғана мезет...
Өмірдің маған сол мәні.
Жадында қалар қамкөңіл
мынау жұртымның,
Жұлдыздай жарық бір өлең
жазсам болғаны!

– деп жазған екенмін.

Тағы бір шамырқанған тұста:

Күтуменен келемін келес күнді
Түнде үйімде жүремін елес сынды.
Ұйқас іздеп, ұйқыны ұмыттым деп,
Қинағым да келмейді мен ешкімді!

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

«ОҚЫРМАН – ӘДІЛҚАЗЫМ»

Көшпеген соң жырымның еркін көші.
Желікпеші көңілім,
желпінбеші?!
Өлең – өмір,
оқырман – әділқазым,
Дертім де осы!
жалғансыз...

Сертім де осы! – деппін. Бұл жолдарды ақынның өлеңге берген серті деп ұқсаңыз да болады.

АЛАТАУ: – «Жалғыздық Құдайдан кейін ақынға жарасады» дегенге келісесіз бе? Жалпы, шығармашылық адамының жалғыздығы дегенді қа-лай түсінесіз? Сіздің жалғыздық қандай жалғыздық?

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ: – Бұл пікірге әр шығармашылық адамы өзінің өре биігінен қарайтын болса керек. Жүрегіңе өлең келген кезде жұрттан жырақ кетіп, шалдуар шабытпен айқасқа түсетін кездерің болады. Ондай сәттері жаныңда қағазың мен қаламың ғана қалатыны шындық. Ақын, иә жазушы кезекті бір шығармасын жазуға отырғанда оңашаланып алып, өзіне ғана мәлім бір әлемге еніп кететіні тағы бар. Мұндай сәттері ақылшы да, нұсқаушы да керек емес.

Мен өзім көпшіл адаммын. Думанды ортада, сырлас-пікірлес жандардың арасында жүргенді ұнатамын. Жақын-жұрағаттарым, аға-інілерім хабарласпаса еленбейтін кездерім де аз емес. Дегенмен, өлең жазудың азабы мен ғажабын жалғыз татқан ләззатты шақтардың жөні бір бөлек. Әрбір орайлы ойыңа, сүйкімді шумағыңа, ұтымды ұйқасыңа балаша қуанып, бір риза сезімді бастан кешіретінің бар. Жалпы, өлең өлкесіне ат басын бұрғанда ғазал-ғұмырды басыңнан кешіріп, басқаға беймәлім әлемде, қиял әлемінде өмір сүресің. Өзің айтқандай, менің жалғыздығым осы сәттері шаң беруі мүмкін. Басқа уақыттары мен халқыммен біргемін. Соның мұңы мен қуанышын бөлісіп, ауыртпалығын арқалап, жоғын жоқтағанды өзіме парыз санаймын!

АЛАТАУ: – Қазір не жазып жүрсіз, ақын жүрегін жиі мазалайтын дүние бар ма?

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ: – Мерейлі жастың құрметіне Алматы облысы әкімінің қолдауымен «Көңілдің қоңырауы» атты өлеңдер жинағым жарық көрді. Публицистикалық дүниелерім және менің шығармашылық еңбегім жайлы жазылған зерттеу мақалалар да екі кітапқа жүк болып тұр. Бұйырса, бұлар да жақын күндері оқырманға жол тартатын болар. Өткен ғасырда қазақтың басына түскен зобалаңның бәрін көре жүріп, бізге өмір сыйлаған, болашақтың отын өшірмеген әкелерімнің толайым тағдыры жайлы роман жазсам деген арманым жаныма маза берер емес.

Редакцияның тапсырмасын орындағаннан басқа уақытымды негізінен өлең жазуға арнап жүрмін. Бұл жерде өлең шіркіннің кербез қыздай керіліп, келмей қоятынын да естен шығармау керек. Ең алдымен ешкім айтпаған оқшау ойды күтесің. Ол да саусақпен меңзеп шақырып алатын дүние емес. Пісуі жеткенде ғана мазаңды алады. Жаңағы айтқан жалғыздық, іштей арпалысқа түсу сондайда басталады. Айналамда болып жатқан оқиғалар, елдің жағдайы, ұлтымыздың тағдыры, әлемді әбігерге салған тәжді тажал, асыл азаматтарымыздың аяқ астынан бақилыққа аттанып жатқаны, жетімнің жылағаны, сәбидің қуанғаны – осының бәрі ақын үшін таусылмайтын тақырып емес пе. Осыны өзгеше қырынан, соны көзқараспен айта білу де үлкен еңбекті, шалқар шабытты қажет етеді.

АЛАТАУ: – Ақын әрі журналист Қуат Қайранбаев отбасындағы әкенің рөлі туралы не ойлайды. Өзіңізді қандай әкемін деп есептейсіз?

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ: – Отбасындағы әке мен ананың орны туралы кезінде зерттеу мақала жазғанмын. Дүниеге сәби әкелу мен оны өсіріп-жеткізудегі ананың рөлі үлкен екені даусыз. Дегенмен, отбасындағы ер адамның абырой-беделі болмаса, немесе жас ұрпақ әкенің тәрбиесін көрмей өссе, кесек мінезді, жақындарына, ел-жұртына қорған болар ұл, ер-азаматты құрметтейтін қыз шықпайтынын өмірдің өзі дәлелдеп келеді. Ана – іштен шыққан перзентін шексіз сүюші, оны қандай болса да қабылдайтын тұлға. Ал, әке – баласына талап қоюшы, тек жақсы жағынан көргісі келетін қатал сыншы. «Бала бер. Бала берсең сана бер. Сана бермесең ала бер!» – дегенді қазақ бекер айтпаған. Осы себепті кез келген адам ұрпағының болашағын ойлағанда балалары мен немерелерінің толық отбасында тәрбиеленуіне аса мән бергені жөн деп есептеймін.

Жарым Дариға екеуіміз екі қыз, бір ұлды тәрбиелеп өсірдік. Үшеуі де жоғары білімді, ғылыми атақтары бар, өз ісінің мамандары. Бүгінде бәрі отбасылы, балалы-шағалы болған. «Ата-ананы шалқайтатын да, еңкейтетін де – бала!» – деген қағиданы ескерер болсақ, ата-анасын жерге қаратпай, лайықты азамат болып өскендері үшін жаратушыға мың мәрте алғыс айтамын. Соған қарағанда жаман әке болмаған сияқтымын...

АЛАТАУ: – Әупірімдеп алпысқа қадам бастыңыз. Жетпіс-сексенге толғандар «қайран, алпыс» деп жатады ғой. Сіздіңше, алпыстың бағасы неде дер едіңіз?

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ: – «Әупірімдеп» деген сөз көңіліме онша жағып тұрған жоқ. Бұл жерде «Желген аттай, ұшқан құстай...» – деген теңеу көбірек келетін сияқты. Уақыттың қалай зымырап өте шыққанын аңғармай қалып отырмын. Көңілім сол қырық пен елудің арасында сайрандап жүрсе, күнтізбе «60 жас» дегенді көрсетеді. «Расымен солай ма еді?!» – деп аңтарылып отырған жай бар. Ал, шынтуайтына келсек, бұл жас кез келген адамның өткен өміріне есеп беретін, талғам таразысына салып қарайтын, егделікке апарар соқпаққа аяқ басатын кезі ме деймін. Ол енді әр адамның жүрек қағысына, көңіл күйіне байланысты шығар. Осыған орай Р.Ғамзатовтың «*Жастар поэзиясы деген жоқ, болуы мүмкін емес. Поэзия жастығы деген ұғым бар. Сен жиырмадасың ба, алпыстасың ба бәрібір, поэзия мәңгі бақи жас. ... Бәрі талантқа байланысты, ал талант жасқа қарамайды...*» дегені ойға оралады. Мен өзім өндіріп жазатын, тереңдеп бойлайтын, айшықтап айтатын шақтарым алда деп білемін. Тек, құдай соған жеткізетін ғұмыр бергей!

АЛАТАУ: – Ақын және журналист ретінде айналаңызға, жалпы қоғамға бей-жай қарамайтыныңыз белгілі. Қазіргі әлемді жайлаған коронавирус індеті, одан туған карантиндегі күндерде үрей мен үміт, қауіп пен қатер кімді де болса уайымсыз қалдырған жоқ. Бұл пандемиядан өзіңіз не түйдім деп ойлайсыз?

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ: – Иә, бұл тәжді тажал ұлтымыздың талай асылдарын алып кетті емес пе. Соны ойлағанда қабырғаң қақырап түскендей болады. Бұл індетпен арпалысқалы екі жылдың жүзі болып қалды. Ел экономикасына да, адамдардың жігер-сеніміне де үлкен жүк болып түсті. Сонымен қатар біздің қазекеңнің бейжайлығы, алаңсыздығы таң қалдырады. Жәй ғана сақтық шараларын орындағымыз келмейді ғой. Бүгінгі қазаның көптігі ең алдымен сол жауапсыздығымыздың нәтижесі деп түсінемін. Оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Сол себепті, былтырғы жылы жарияланған «Азалы күнге» орай жазылған өлеңімді оқысаңыздар, менің жанайқайымды ұғарсыздар деп ойлаймын.

Азалы күн…

Тағы кімді,
тағы қанша аласың,
Бізге неге түсіресің дара сын?!
Айтып келмес ажал алды мекендеп,
Аңыздаған алашымның даласын.

Тағы кімге ашылды екен араның,
Аз болды ма халқым тартқан
нала-мұң?!
Ажал тырнап қан-жоса етті
ауызын,
Сан ғасырлар жазылмаған
жараның.

Тірлік үшін күрес болған көп күні,
Қазағымның өр еді ғой шоқтығы.
Аты жаман ажал келіп жалмауда,
Ұлтқа тұлға асыл менен тектіні.

Азаматтың жарын алды ай мүсін,
Ет жақынға торын мықтап
жайды шын.
Қарындастан қапы қалған
досымның,
Үйде отырмын бөлісе
алмай қайғысын.

Қатерлі дерт кәрін бізге жиғасын,
Қайманада қара бұлттай
күй басым.
Қатар-қатар алып жатыр
сұм ажал,
Өлім тұрмақ, өкпеге де қимасын.

Аттанға бас,
егіл мейлің,
зар иле,
Тәңір жазса төзесің ғой, әрине.
Алаңдаймын жедел жәрдем
өтсе егер,
Жаутаңдаймын жанымдағы
әр үйге.

Кім тоқтатар Жаратқанның
жарлығын,
Кім көреді қазағымның зар-мұңын?!
Ажал деген аралап жүр елімді,
Сондықтан да азалы күн – әр күнім!

Міне, сондықтан да мамандардың айтқан талаптарын орындап, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтайық, ағайын!

Әңгімелескен
Сарби ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ

ЭТИКА ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

Когда общество представляет собой объединение людей, люди здесь соблюдают определенную этику в каждой среде, взаймодействуя с друг другом.

Этика – это правила поведения. Это общий набор принципов, которые управляют обществом в соответстствии с определенными нормами.

Требования Этического кодекса распространяются на всех государственных служащих, независимо от уровня должности и стажа работы. Кодекс регламентирует стандарты поведения с учетом различных обстоятельств, которые могут возникнуть в процессе деятельности государственных служащих, систематизировано и поведение государственных служащих при возникновении конфликта интересов во взаимоотношениях с окружающими. Как раз для реализации норм Этического кодекса создан институт уполномоченного по этике, деятельность которого регламентирует указанное выше Положение. В соответствии с ним роль и деятельность уполномоченного по этике направлены на обеспечение соблюдения норм служебной этики и антикоррупционного поведения государственных служащих, повышение их ответственности, соблюдение общепринятых морально-этических норм в коллективе и в обществе.

Государственные служащие и граждане могут обратиться к уполномоченному по этике за консультацией в случае возникновения конфликта интересов, решения ситуаций этического характера.

Уполномоченный по этике осуществляет приём государственных служащих и иных граждан по вопросам, отнесённым к его функциям, в случае их обращений либо не менее одного раза в месяц согласно графику, размещённому в местах, доступных для всеобщего обозрения.При необходимости беседа с гражданином или государственным служащим может быть проведена по телефону либо с использованием других средств коммуникаций, обеспечивающих надлежащую передачу информации.

Благоприятныйморально-психологический климат в коллективе, доброжелательные отношения среди коллег положительно отражаются на работе каждого государственного служащего, что в итоге повышает эффективность деятельности государственного органа. И с целью мониторинга осуществляется анонимное анкетирование.

Глава государства еще больше актуализирует тему модернизации системы управления, акцентируя внимание на том, что пандемия коронавируса наглядно продемонстрировала: государственный орган должен быстро и гибко реагировать в кризисные моменты, эффективно справляться с конкретными задачами.

В настоящее время, несмотря на условия пандемии, уполномоченным по этике встречи с населением, открытые диалоги ведутся в онлайн-формате,через ZOOMпроводятся семинары, круглые столы, где даются исчерпывающие ответы на заданные вопросы. У руководителей государственных органов есть аккаунты в социальных сетях, где можно свои вопросы им задать напрямую в личных сообщениях.Также в офисе «Jetisy» – «adaldyqalany» в онлайн режиме проводится прямой эфир.

Продолжая тему модернизации модели государственной службы, нужно отметить ее существенную трансформацию. Сегодня совсем другим стало качество предоставляемых услуг населению — внедрены и совершенствуются автоматизированный подход, цифровые технологии, проведена глобальная работа.К примеру, можно не посещая государственный орган, получить нужную справку благодаря порталу электронного правительства, базыE-gov. Анализ коррупционных рисков деятельности государственных органов показывает, что сфера оказания государственных услуг уязвима перед коррупционными проявлениями, поскольку возникает прямой контакт «госорган — услугополучатель», то есть в действие приводится так называемый человеческий фактор. Исключение такого взаимодействия, следование передовому международному опыту позволило существенно минимизировать бытовую коррупцию в этой сфере.

Стала проще теперь и процедура поступления на госслужбу. Эти новшества не только облегчают процедуру поступления на государственную службу для наших граждан, но и значительно повышают механизм отбора кадров. Например, для прохождения собеседования на госслужбу необязательна личная явка кандидата, при его согласии допускается использование видеосвязи.

Этический кодекс направлен на укрепление доверия общества к государственным органам, формирование высокой культуры взаимоотношений на государственной службе и предупреждение случаев неэтичного поведения государственных служащих. Государственный служащий в трехдневный срок после поступления на государственную службу должен быть в письменной форме ознакомлен с текстом документа.

Согласно кодексу государственные служащие должны «Неукоснительно соблюдать служебную дисциплину, добросовестно, беспристрастно и качественно исполнять свои служебные обязанности, рационально и эффективно использовать рабочее время, на постоянной основе принимать меры по повышению качества оказываемых государственных услуг, всецело ориентируясь на запросы населения как потребителя государственных услуг, не допускать совершения проступков и иных правонарушений, за которые законом предусмотрена дисциплинарная, административная либо уголовная ответственность, соблюдать деловой этикет и правила официального поведения.

Таким образом, надо отметить, что стандарты поведения поднимаются на новый качественный уровень, требуют от государственных служащих повышенной ответственности и самоконтроля поведения, что в целом положительно влияет на имидж государственной службы.

Кайрат ПИЛАЛОВ,
заместитель руководителя департамента юстиции Алматинской области – уполномоченный по этике.

АБИТУРИЕНТ-21

ОПУБЛИКОВАНЫ РЕЗУЛЬТАТЫ

распределения образовательных грантов на 2021–2022 учебный год

Для участия в конкурсе в этом году подано более 75 тысяч заявок — это на 13 тысяч больше прошлогоднего количества.

Министерство образования и науки Казахстана опубликовало результаты распределения образовательных грантов на 2021–2022 учебный год.

Прием заявлений на гранты для бакалавриата проходил с 13 по 20 июля.

Для поступления на бакалавриат в 2021—2022 учебном году было выделено более 56 тысяч грантов. Для сравнения, в прошлом году это количество составляло на пять тысяч меньше — 51 тысяча. Всего на конкурс в этом году было подано свыше 75 тысяч заявок, что на 13 тысяч больше, чем в 2020 году.

Наибольшее количество грантов получили инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли — свыше 17 тысяч грантов.

Желающим изучать педагогику выделили около 9,5 тысячи грантов, информационно-коммуникационные технологии — более 7,4 тысячи, естественные науки — свыше четырех тысяч, сельскохозяйственные науки — 1,8 тысячи, здравоохранение — 2,7 тысячи.

На изучение искусства и гуманитарных наук выделили 1,6 тысяч грантов. Бизнесу, управлению и праву досталось 1,2 тысячи грантов, а социальным наукам, журналистике и информации — 960.

Гранты также были предусмотрены по проекту «Мәңгілік ел жастары — индустрияға» («Серпін»).

Ранее в Минобразования сообщили, что при распределении грантов в этом году впервые предусмотрели квоты для социально-уязвимых категорий граждан. Так, дети из многодетных или неполных семей, а также абитуриенты, в семьях которых воспитывают детей с особыми потребностями, получили больше шансов получить грант. Кроме того, льготные гранты могли получить дети-сироты и представители этнической диаспоры.

В текущем учебном году казахстанские студенты будут учиться в офлайн-формате, за исключением тех, кто не привит от коронавируса.

Казахстанские абитуриенты должны предоставить документы для зачисления в вузы до 25 августа текущего года.

«Все обладатели государственных образовательных грантов для зачисления в вузы должны представить свои документы до 25 августа. Для этого необходимо подать заявку через портал "Электронного правительства" eGov.kz.», - сообщила пресс-служба министерства образования и науки.

Для зачисления в вузы на платной основе нужно обратиться в виртуальные приемные комиссии вузов. Их перечень размещен на сайте Национального центра тестирования.

Напомним, новый учебный год в Казахстане традиционно начнется 1 сентября.

БЛАГОТВОРИТЬ

ОТДАСТ ПРЕМИАЛЬНЫЕ НУЖДАЮЩИМСЯ

Казахстанский борец вольного стиля Нурислам Санаев, завоевавший бронзу на Олимпиаде-2020 в Токио, решил отдать свои премиальные,- сообщает Vesti.kz

По словам спортсмена, он всегда мечтал не только стать олимпийским чемпионом, но и помогать нуждающимся.

«Дорогие друзья! Сегодня я переполнен эмоциями и хочу выразить благодарность всему народу Казахстана за веру, поддержку и возможность!Спорт — это эмоции и вдохновение миллионов людей, это та сила, которая дарит нам мир.С раннего детства у меня была мечта завоевать золотую медаль Олимпиады, а также помогать нуждающимся, бедным и больным детям. Поэтому, чтобы воплотить в жизнь свою мечту, я хочу отдать все свои премиальные малоимущим семьям и больным детям Казахстана. Пусть они будут счастливы!» — написал Санаев в Instagram.

COVID-19

В СФЕРЕ УСЛУГ БУДУТ ВЫЯВЛЯТЬ НЕВАКЦИНИРОВАННЫХ РАБОТНИКОВ

Под председательством заместителя Премьер-министра РК Ералы Тугжанова состоялось заседание МВК по недопущению распространения COVID-19 на территории РК, передает zakon.kz со ссылкой на primeminister.kz.

Заслушав доклад главного государственного санитарного врача Е. Киясова, вице-премьер отметил, что принимаемые меры способствуют стабилизации эпидемиологической ситуации в стране, — говорится в сообщении.

Как уточняется, занятость инфекционных коек составляет 55%, реанимационных — 47%. Тем не менее, Тугжанов отметил, что в ряде регионов ведется недостаточно активная работа по охвату населения вакцинацией: в г. Нур-Султан и Шымкент, Мангистауской, Атырауской, Северо-Казахстанской областях.

Также было отмечено, что в Акмолинской, Мангистауской, Атырауской и Костанайской областях не организована вакцинация населения путем подворового обхода. В этой связи заместитель Премьер-министра поручил принять меры по исправлению выявленных недостатков, — пишет пресс-служба Премьер-министра РК.

Кроме того, государственным органам поручено разработать план оперативных мероприятий по противодействию COVID-19 на 2021−2022 годы и утвердить алгоритм действий мониторинговых групп по выявлению невакцинированных работников в сфере услуг.

ПОЧЕМУ ЗАБОЛЕВАЮТ ПРИВИТЫЕ

Директор КГП на ПХВ «Центр фтизиопульмонологии» Алматы Жанар Сапиева рассказала, почему вакцина иногда не срабатывает и заболевшие коронавирусом попадают в больницу, передает корреспондент Tengrinews.kz.

На брифинге в Алматы задали вопрос о том, почему ранее вакцинировавшиеся горожане все равно заражаются коронавирусом, который переходит у них в стадию поражения легких. Жанар Сапиева ответила, что это может быть связано с возрастом пациента или периодом после вакцинации.

«Случаи заражения наблюдаются, когда срок вакцинации более трех месяцев. Организм у людей по-разному вырабатывает антитела. К сожалению, у части лиц, особенно возрастной категории, после вакцинации вырабатывается недостаточно антител. Некоторые заболевают после первой вакцины, но есть те, кто и после второй. Были случаи, когда после двух доз выработка снижалась. Иногда это происходит после недавно перенесенного заболевания, когда человек переболел или перенес операцию, а вскоре вакцинировался. Часть пациентов до вакцинации получали химиотерапию. Это влияет на формирование искусственного иммунитета. Человеку в течение месяца после вакцины нужно соблюдать требования, но иногда другие заболевания влияют на это», — отметила Жанар Сапиева.

По словам директора Центрафтизиопульмонологии, в нескольких случаях тяжелого течения заболевания после вакцинации были проведены проверки пунктов, где эти пациенты получали вакцину, и медицинские органы выяснили, что их действительно прививали и фальсификации не было. Однако нельзя исключать возможность нарушения каких-либо требований. По словам врача, в любом случае даже при поражении легких заболевание у вакцинированных пациентов проходит с более мягкой клиникой.

«Мы делали сравнение в основном на уровне отделений реанимации, когда поступали вакцинированные и невакцинированные пациенты. Пациенты, которые прививались с таким же процентом поражения легких в третьей или четвертой стадии, легче выходят из этого состояния, и эффективность их лечения выше. Средняя продолжительность лечения таких пациентов в отделении реанимации составляет 10 дней, а если больной не вакцинировался, то до 20 дней», — рассказала ЖанарСапиева.

Врач отметила, что при своевременном назначении лечения в период от 3−4 дней оно дает большее снижение клинических симптомов.

Ранее министр здравоохранения Алексей Цой сообщал, что в Казахстане 99,9 процента заболевших коронавирусом в Казахстане не прошли вакцинацию.

МВД УЖЕСТОЧИТ ПРОВЕРКУ

ПЦР-справок и паспортов вакцинации казахстанских пассажиров

Правоохранители все чаще выявляют факты подделки медицинских справок и паспортов вакцинации. Некоторые пассажиры покупают липовые документы вместе с билетами.

Министерство внутренних дел Казахстана усилит проверку статусов в Ashyq у пассажиров в аэропортах и на вокзалах.

На подлинность также будут проверять ПЦР-справки и паспорта вакцинации. Такие меры связаны с участившимися случаями подделки документов, сообщает Polisia.kz.

«В Международном аэропорту города Алматы сотрудниками транспортной полиции совместно с работниками аэропорта были установлены парень с девушкой, планировавшие вылететь в Турцию на отдых, которые приобрели ПЦР-справки вместе с билетами у незнакомого лица», — рассказал начальник департамента полиции на транспорте Онал Бекиев.

В тот же день за аналогичный факт задержан житель Шымкента, который пытался вылететь в Беларусь с поддельной ПЦР-справкой.

«Они не были допущены к полету. По данным фактам начато досудебное расследование по части третьей статьи 385 Уголовного кодекса Республики Казахстан «Использование заведомо подложного документа», - добавил Бекиев.

Всего с начала 2021 года органы внутренних дел возбудили 45 уголовных дел по сбыту и использованию поддельных ПЦР-тестов и 35 дел — за подделку паспортов вакцинации.

Напомним, за изготовление поддельных документов в Казахстане предусмотрена уголовная ответственность в виде лишения свободы до четырех лет, а за его использование арест до 40 суток.

Полосу подготовил Шора ХАМИТОВ

Бейсенбі - Четверг, 26 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05,03.25 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.20,17.00,20.00,01.35 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.00,18.00 Т/х«Ғашықтық дерті»
12.00 «Қызық екен»
13.00 «АЙДАhАРЛАР: БЕРК САҚШЫСЫ».
14.00 «Дарын»
15.00,03.05 «Menin Qazakstanym»
15.20,20.40 «Дарын»
17.15 «Замандастар»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
00.30 «Сана»
02.15 «Теледәрігерлер»

ХАБАР

06.00 Хабарлайын
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Ән әлемі»
10.30 «Тарих.Тағдыр.Тұлға.»
11.30 « Зәуре »
13.00,21.30 Т/х «Сырлы қала»
15.00 Т/х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН»
16.00, 23.30 Российский сериал
18.00 «Опасные пассажиры»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
01.15 «ТОТ ,КТО ЧИТАЕТ МЫСЛИ»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Қара ой»
07.00 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.20,23.25 Т/х «ХОН ГИЛЬ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Менің жолым»
15.30 «Сүлеймен сұлтан»
17.00 «Аладдин»
18.00 «Тағдырым жазылған күн»
20.00,01,30 Astana times
20.30 «Қазақы карантин»
00.55 «Қош келдіңіз»
02.15 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.00 «KazNet»
03.20 «Үздік әзілдер»
03.50 «ИНТЕРНЫ»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.10 «Әйел сыры»
06.40 «Той заказ»
07.05 ТОЙ БАЗАР
08.00,01.30 П@утина
09.00 «Доброу утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 Т/э «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30,02.25 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Гадалка»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Судья»
00.30 «Мужские каникулы»
02.55 «112»
03.45 «Той базар»

КТК

07.05,04.10-04.40 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Өмір сабағы»
08.20 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.50 «НОВОСТИ»
10.30 «БЕЗ ФИЛЬТРОВ»
11.50 Х/ф «ЛЕКТОР»
13.50,21.35 Х/ф «Беглянка-2»
16.00 Х/ф «Не пара»
18.00 Т/х«Сенсіз өтпес күндерім»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
23.40 Х/ф «ЛЕКТОР»
01.15 Х/ф «Не пара»
02.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
02.45 «Өмір сабағы»
03.25 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 Д/ф «Кең ауқымда»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
14.15 «Рухы биік қазағым» концерті
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 Д/ф «Кең ауқымда»
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (99-100 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.50 «Әзілдер күнделігі»
07.20 Информбюро(повтор)
08.30, 17.00 «Саған сендім»
09.40 «Иффет»
11.00, 01.40 «Ананди»
13.00 «Құзғын»
14.00 What's up?
14.30 «Идеальный враг»
18.10 «Большой папа»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.00 «ВОРОН»
21.50 Кто подставил кролика Роджера?
00.00 Хд«Слепая ярость»
03.00 Кел, татуласайық!
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00,18.00 «Случайный кадр»
11.00 «Скорая помощь»
13.00 «Бастық боламын»
14. 00, 02.15 «Q-елі»
16.10 «ТАЙНАЯ ЖИЗНЬ МОЕГО СЕКРЕТАРЯ»
17.30,00.00 Сериал «ГРАНД»
19.00 «Студия 7»
21.30 «Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша.Адал махаббат »
00.30 « Анна –детектив»

Жұма - Пятница, 27 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.20, 17.00, 20.00, 01.35 Aqparat
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00 18.00 «Ғашықтық дерті»
12.00, 17.20 «Қызық екен...»
13.00 «Айдаhарлар» берк сақшысы
14.00 «Daryn» телеолимпиада
14.50, 02.15 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
15.20, 20.40 «Замандастар»
17.15 «Қанатсыз құстар»
22.30 Т/х «Жат Мекен»
23.20 «Жарқын жүздесу»
00.20 «Сана» ток-шоу
02.40 «Ауылдастар»

ХАБАР

06.00 Т/х «Хабарлайын »
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Ән әлемі»
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
11.30 Т/х «Зәуре»
13.00, 21,30 Т/х «Сырлы қала»
15.00 «Алпыстан асып барамын»
16.00, 23.30 Телесериал
18.00 Мегахит «Охранник»
20.00 Қорытынды жаналықтар
20.30 «Індетпен күрескен Қазақстан». Вакциналау тарихы
20.45 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». История вакцинации
21.00 Итоги дня
01.15 «Тот, кто читатет мысли»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл» концерттік
06.30 «Қара ой»
07.00 Т/х «Ұрланған Тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.50, 22.00 «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.20, 23.10 Т/х ХОН ГИЛЬ ДОН»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Менің жолым»
15.30 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
17.00 Т/х «Аладдин»
18.00 Т/х «Тағдырым жазылған күн»
20.00, 01.45 «Астана times»
20.25 «Қазақы карантин»
20.55 Loto 5/36
00.55Қош келдіңіз
02.15 «Біреудің есебінен»
02.45 «KazNet»
03.20 «Үздік әзілдер»
03.50 «Интерны»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
06.40 «Той заказ»
07.05, 03.30 «Той базар»
08.00 «П@утина+»
09.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.30 «Жди меня» Казахстан»
14.00 «112». Прямой эфир
14.15 «112». Тікелей эфир
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Пендеміз ғой»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Поле чудес»
21.55 сериал «Судья-2»
01.45-03.15 «112». Криминальные новости
02.00 «П@утина+»

КТК

07.05,19.30,03.30-04.00 Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х «Өмір сабағы»
08.10 Т/х «Ясминнің тағдыры»
09.30 Новости
10.15 «Без фильтров»
11.30Д/ф«Лектор»
13.50Д/ф «Беглянка-2»
16.00«Не пара»
18.00 Т/х «Сенсіз өтпес күндер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.25«КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.35«Декорация убийства»
01.25 «Не пара»
03.35 «Әйел қырық шырақты»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 Д/ф «Кең ауқымда»
11.00«Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
14.15 «Әндер мен жылдар» 21.12.2017 концерті
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 Д/ф «Кең ауқымда»
20.00 «Спасая жизни»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бәрі де анам жайлы» (101-102 серия)
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.50 «Әзілдер күнделігі»
07.20, 20.00 Информбюро
08.30,17.00«Саған сендім»
09.40 «Иффет»
11.00, 23.50 «Ананди»
13.00 «Құзғын»
14.00 «What`sup?»
14.30 «Идеальный враг»
18.10Х/ф «Кто подставил кролика роджера»
21.00 «Ворон»
21.50 «Универсальный солдат-2: возвращение»
01.30 «Кел, татулайсайық!»
03.30 «1001 анекдот»
04.50 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, Qazaqstan»
09.00, 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Сучайный кадр»
11.00 «Скорая помошь»
13.00Т/х «Япырай»
14.00, 02.40 Скетчком «Q-eli»
16.00 «Орёл и решка»
17.10 Х/ф «Предок»
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Шоу «Ну-ка, все вместе!»
21.30«Ата-ана, бала-шаға»
22.00, 03.00 «Арам ақша. Адал махаббат»
00.00 Шоу «Маска»

Сенбі - Суббота, 28 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 02.40 «Қазақ даласының құпиялары»
06.25,02.40 «Ғасырлар үні»
07.10 Aqparat
07.50 «Сырлы сахна»
08.25 Д/ф «Беймәлім әлем»
09.15 Т/х «Ауыл жұлдыздары»
10.00, 18.00 Т/«Ғашықтық дерті»
12.00 «Ән мен әнші»
13.40 «Ұлы дала комедиясы»
15.45 «Қазыналы ғаламшар»
17.10 «Daryn» шоу
20.00 «Мәселе»
20.40 «Әзіл әлемі»
22.30 Т/х «Жат Мекен»
23.30 К/ф «Трансформерлер: айдың қараңғы беті»
02.00 Ауылдастар

ХАБАР

06.00 «Кел, шырқайық»
07.30 «Өзін-өзі тану»
07.40 «Чужое гнездо»
10.00 «Tangy fresh»
11.00 «Полигон»
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда-2»
16.00 «Зәуре»
17.45 «Хит жазамыз»
19.15 Жұлдызды жекпе-жек
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Балуан шолақ»
00.15«Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 05.00 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.20, 21.00 Т/х «Қара ниет -2»
12.20, 23.25 Т/х «Хон Гиль Дон»
14.00 Х/ф «Танцор диско»
18.00 Т/х «Тағдырым жазылған күн»
20.00 Үздік әндер
20.25 «100 сұхбат»
20.55 «Loto 6/49»
00.55 «Үздік әндер»
02.40 «Azil keshi»
04.10 Той жыры
04.40 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.15 Т/х «Әйел сыры»
07.10, 04.30 «Той заказ»
07.50 «Тамаша City»
09.00 «Пендеміз ғой»
10.20 «Ералаш»
10.35 «Фабрика грез»
11.05 «Плакучая Ива»
15.55«Женская версия. Чистильщик»
18.00 «Поле чудес»
20.30 «Воспитание чувств»
01.25 «Шутки в сторону-2»
03.45 «П@утина+»

КТК

07.05 «Әйел қырық шырақты»
07.50Т/х «Үлкен үй-3»
08.30«Басты рөлде»
09.00, 03.30, 04.30«КТК –да Қабатов»
10.20 «Юморина»
12.00 «Декорация убийства»
16.00, 02.20 «Аталар сөзі»
18.30 Мерекелік концерт
19.20 «Ақ тілек»
21.00 «О чем не расскажет река»
00.50 «Не пара»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 Д/ф «Кең ауқымда»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спасая жизни»
12.05 «Шашу»
13.00 Т/х «Бәрі де анам жайлы»
14.00 «Олжа»
14.30 «Ұлт құндылығы»
15.00 «Йоринда и Йорингель» ертегісі
16.00 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Әсем әуен»
17.35 Д/ф «Мәдени қазыналар»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Қателік»
19.20 «Әсем әуен»
19.30 «Жүрек сөзі»
20.05 «Сильные духом»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тарих парақтары»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.50 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.30 Әзілдер күнделігі
07.10 «Бауржан-шоу»
08.00 «Информбюро»
9.10 «Tennis show»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Тәтті шоу»
11.00 Д/ф «Өмір сахнасы»
11.40 «Аладдин»
13.00 М/с «Лило и стич»
14.00 М/с «Три богатыря и наследница престола»
15.50 «Стюарт литтл-2 »
17.30 «Одержимость»
19.50«Паутина лжи»
22.20 Кино «Обитель зла»
00.30 «Экстрасенсы против детективов»
02.00 «Ян Гуйфей»
02.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 «1001 анекдот»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Гу-гулет»
06.30, 05.00 «Айна-online»
07.30, 18.00,03.00Скетчком «Q-eli»
08.30, 02.10«Япырай»
09.00, 15.00Т/х «Мзгелсіз сезім»
10.00«Регина + 1»
12.10 «Орел и решка»
13.10 Шоу «Ну-ка, все вместе!»
16.00 Т/х «Барлау»
19.10 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
21.00 Шоу «Маска», 2 сезон
00.20 Х/ф «Игра Эндера»
05.30 «Қуырдақ»

Жексенбі - Воскресенье, 29 тамыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 02.35 «Қазақ даласының құпиялары»
06.35 «Tolagai»
07.35 «Күміс көмей»
08.25 «Беймәлім әлем»
09.15 Т/х «Ауыл жұлдыздары»
10.00, 18.00 Т/х «Ғашықтық дерті»
12.00 «Әзіл әлемі»
13.30 «Сандыбад: жеті теңіз аңызы»
14.45К/ф «Үмітінді үзбе»
16.15Қуандық Рахымның концерті
17.35 «Семей полигонының жабылғана -30 жыл»
20.00 «АРТА»
20.50 «Жүзден жүйрік»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.20 «Трансформерлер: жойылы дәуірі»
01.55 «АПТА»
02.45 «Күміс көмей»

ХАБАР

06.00 «Кел, шырқайық»
07.20 «Самопознание»
07.30 «Чужое гнездо»
09.30Жұлдызды жекпе-жек
10.30 «Хронограф 2021»
11.00«Полигон»
14.30Кино. «Алпыстан асып барамын»
17.45 «Ән әлемі»
18.30 «Мәжіліс.kz»
19.00 «Atystar»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Қазақ хандығы. Алпыс қылыш».
00.45 «Әсем әуен»
01.30 «Pro Sport»

АСТАНА

06.00 Қаламгер
06.30, 05.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
12.00, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
13.00, 23.25 Т/х «Хон Гиль Дон»
14.50 Х/ф «Аким»
17.10 «Алдараспан»
18.00Т/х «Тағдырым жазылған күн»
20.00 «Тәуелсіздік жолы»
20.25 Үздік әндер
20.45 Аялы алақан
00.55«Bas times»
02.05«Үздік әндер»
03.30 «KazNet»
03.50 «Әзілстан» жасарын камера
04.10 «Ән мен әзіл» концерттік

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45Т/х «Әйел сыры»
06.50 «Той Заказ»
07.45«ТамашаCity»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 «Мужики»
11.15 «Плакучая Ива»
16.10«Женская версия. Знак совы»
18.40 «КВН вышая лига»
20.30 «День солнца»
01.25 «Кто хочет стать миллионерам?»
03.15 «П@ytina+»

КТК

07.05, 03.25-04.10 «Әйел қырық шарақты»
07.50 «Ақ тілек»
09.20 «Юморина»
11.50«О чем не расскажет река»
16.00,03.00 «Аталар сөзі»
18.00 «Шаншар»
21.00 «Почти вся правда»
01.00 «Аким»
02.45 «Не пара»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Әсем әуен»
11.40 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
11.45 «Спорт» (әдіс)
12.00 «Жүрек сөзі»
12.35 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.00 «Қателік»
13.40 «Тарих парақтары»
14.05 «Әсем әуен»
14.30 «Қазақстанда жасалған»
15.00 «Столик сам накройся» ертегісі
16.00 Д/ф «Кең ауқымда»
16.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
17.00 «Қазақ үні»
17.35 «Полицейская служба»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 «Спорт-тайм»
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлт құндылығы»
19.30 «Әкелердің әңгімесі»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 К/ф «Алғысым саған шексіз»
00.05 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.30 Әзілдер күнделігі
07.10 «Бауржан-шоу»
07.50 «Тәтті шоу»
08.50 «Өмір сахнасы»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00«Tennisshow»
10.20What`sup?
11.30 «Аладдин»
12.00 «Лило и стич»
13.20 «Воссоединение семейки адамс»
15.20Х/ф «Одержимость»
17.50Х/ф «Универсальный солдат-2: возвращение»
19.30Х/ф «Джон Уик-3»
22.00Х/ф «Обитель Зла»
00.00«Экстрасенсы против детективов»
01.30 «Ян Гуйфей»
02.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.30 «1001 анекдот»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Гу-гулет»
06.30, 05.00 «Айна-online»
07.30,18.10-02.00Скетчком «Q-eli»
08.30«Япырай»
09.00, 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.30 «Орел и решка»
11.30«Предок»
13.10, 00.50 Х/ф «Розовая пантера-2»
16.00 «От пен су»
18.40«Ұлы дала жаңұясы»
19.40 «Жайдарман»
21.00 Х/ф «Человек ноября»
23.00Х/ф «Разведка»
05.30 «Қуырдақ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШАРШЫЛЫҚ АПАТЫНА – 100 ЖЫЛ

КӨКСІГЕН КӨКСІЛ

Еңкіш кеуделі Қалданбектің жұмыстан шаршап-шалдығып келіп, тамағын ішіп бола бергені сол еді. Күн еңкейіп, ымырт үйіріле бастаған шақта қызыл жағалы екі адам табалдырықтан ентелей аттаған бойда қабақтарын қатуландырып:

– Жаңа өкімет: «Асыра сілтеу болмасын, аша-тұяқ қалмасын» деген нұсқауы құлақтандырылды. Оны білетін де шығарсыңдар? Тапсырманы орындауға шыққан бетіміз осы. Бұзаулы сиырың бар екен. Соны алуға келдік, – деп тікірейді. Қатпарланған қабағын шытқан Қалданбек орнынан қозғалақтап, келушілерге асықпай мойынын бұрып, көз қиығын тіктеп, бажырая қарап, түр-тұрпаттарын бастан-аяқ шолып барып:

– Не дейсіңдер?! Күнкөріс қып отырған жалғыз қара сиырды алсаңдар шиеттей бала-шаға не ішеді, не жейді?! Ел ішін қасіретті нәубет жайлай бастаған шақта, бұл қай сасқаны өкіметтің. Тұрмыстық жағдайымызды ойластыратын мейірлі пенде бар ма өзі? Әлгі өкімет жарылқайды дегені қайда? Жақсылығының түрі осы ма? Шықпа жаным шықпа деп, жалғыз сиырдың желінін қақтап сауып, сүтімен мына екі баланы, қатынымды әрең асырап отырмын. Малымды алғаның менің жанымды алғаныңмен бірдей емес пе?! – деп ашуға басып, ышқына дүрк көтерілді. Құтырынып, қамшысын үйіре шүйіріп, жынданғандай жұлқынып тұрған сырғауылдай бойы серейген жандайшап дүрдиген қалың ерінін салпита Қалданбекке көзін аларта қарап:

– Сөзді көбейітпегін. Айтқанды істе. Басқа да жасырып тыққан малың бар шығар. Қораңды тінтіп қараймыз. Жүр, есігін ашқын, – деп бұйыра өңмеңдеді. Темірдей тегеурінді білегін сыбанып, желкесінен шеңгелдеп бүруге ыңғай танытқансыды. Мұнысы үркітіп алмақ болғандағы әрекеті іспетті көрінді.

– Қораны тексерсең тексер, жылан жалағандай бос тұр, – деді Қалданбек селқостау үн қатып. Терісіне симай торсықтай тырсылдап, иегі кемсеңдеп кетті.

– Құрғақ сөзге сенбейміз, көзбен көреміз. Бәлсініп кердеңдеп кергімей қораңды көрсет, – деп тіксініп, қусырылған танауын көкке шүйірді. Онымен кеудесін керіп, иықтасып қатар тұрған бойшаңдау сарғыш өңділеулісі түсін сұрлантып Қалданбекке:

– Тездетіп қимылдасаңшы, – деп, тепсіне зірік етті. Ауыр денесін көтеруден екі аяғы талғандай ырыс-ырыс етіп ентігге түсті. Екі белсенді қора ішін тіміскілей қарап, көптен мал кірмеген тап-тақыр қораның ішін көзбен шолып барып сыртқа шықты да, алды-артына қаратпай қоңыр сиырды бұзауымен қосып айдап кетуге ыңғайланды. Желөкпелердің бұл қылығына іші удай ашып жыларман күй кешкен Жанбике судан шыққан шортандай ыршып:

– Не дейді құдай-ау, жалғыз сиырды алып бара жатырма мыналар, ішектері шұрқырап, ұлардай шулаған бала-шағаны қайтіп асыраймыз. Құлақ естіп, көз көрмеген бұл не сұмдық? – деп, бар дауысымен бақырып, еңіреп еңкілдепг екі көзінен жасқа толтырды. Әйелінің сөзін құптай сөйлеген Қалданбек:

– Айналайындар-ау, талшық етіп отырған жалғыз сиырдан айырылсақ, көзімізге көк шыбын үймелеп, құрттап өлеміз бе? – деп маймөңкелей тіл қата бастап еді, денесі дір-дір етіп қалтырап тұрған әйелі Жанбике етегінің бір шалғайын қолымен жинақтай ұстап белсенділерге тақау ентелене келіп шақарланып:

– Әлгі Гәлешекін бәлекет шетін шығара бас-тапты ғой. Көкірексіз кердең адам-ау шамасы. Келе-сала қазақты қырғынға ұшыратыабастады. О көксіген көкшешекті құдай атсын! Зәбір көре берсе, ел де кектеніп, төрт аяғын көктен келтірер, әлі-ақ, – деп шікірейіп тұрған шегір көздіге тесірейе қарап, іштегі күйінішінің ұштығын да шығарып қойды. Ызақорланғаны соншалық тісін шықырлата қайрап, екі иығын жұлып жердей қаһарға мінген тәрізденді. «Талшық етіп отырған малыма қол тигізіп көрші, кеңірдегінді жұлып алайын» деп қойқаңдай қомпиды.

– Ей, бейбақ қатын, кикілжіңді көбейтіп, көп көки берме. Тіліңді тартып, байқап-байқап сөйле. Жүйкені жұқартып, сайтаныма тие берсең бар ғой, осы қазір тұрған жеріңде жайрата салу жазасын бұйыруға тура келер. Ауыз өзімдікі деп көки беретіндерге тыйым салудың тәртібінің де қаталдығын есіңе саламын. Ыңғайға ықтиярлық танытпасаң, тап қазір, ... – деп жанқалтасынан қол мылтығын суырып ала бергенін байқаған Жанбике жасқаншақтаудың орнына ашуын одан әрмен өршітіп, булыққан кейіппен аспан көгін жаңғыртардай ашы дауысымен айқайлауын үдете түсті. Осылайша өкіметтің сойылын соғушыны райынан қайтармақшы болғансып еді, оны ешкім елеп-ескеріп жатпады. Құлаққа да ілмеді. Жанбике сонда да болмай қос бүйірін таянып, қызыл жағалыға тақау келіп;

– Ана Гәлешекін бе, әлде бәлешекін бе, тұқымымызды тұздай құртатын зұлым болса керек өзі?! Сол көктемегір көксілге аналық сөзімді жеткіз. Қоң-торғай тірлік кешкен халықты қасіретті азапты апатқа ұрындырғаны несі? Ондай басшыдан не үміт, не қайыр тәйірі. Бітімізді сыққаннан басқа не қалдырды бізге, құдай-ау?! Тып-типылмыз. Қайтіп күнелтеміз. Ұлардай шулаған балаларды есіркейтін зәкөн бар ма, жоқ па?! Жалтармасы мен қалтармасы жоқ осы сөзім өтірік болса, мені аямай-ақ қойсын. Жаным пида. Тап қазір атса атқызып тастасын! – деп, екі білегін түрініп, дегбірін баса алмай осқырынды. Тұлан тұтып, зілденіп зарлана еңіреді.

Баса-көктеп кісі алдын орап, кептелген түйткілдерін жасырмай жайып салғанын, жан-тәнімен самбырлап сөйлейтіндігі мен жұлқына қимылдауына бас шайқап таңдана қараған жандайшап жігіттер алакөздерімен әйелдің түтіккен түріне одырая көз қиығын салды. Әйелдің сөзі өңменін үскі сұққандай осып өтті, білем, әлденені айтқысы келгендей оқталғанымен, мархабат таппасын ұғынғандай, түрік ерінін жымқыра қойды. Кейін шегініңкіреп, қасындағы жәрдемшісіне сиырды айдап жүре бер дегендей ишараны шүңірек көкшіл көзінің қиығымен аңғартып, ым қақты. Ол сиырдың бұйдасын шеше бастады. Ызаға булыққан Жанбике өкіл жетектеп бара жатқан сиырдың бұйдасына жармасып, ұстаған жерінен айырылмай аш кенедей жабысып бақты. «Мал ашуы – жан ашуы» дегендей, шыр-пыр күйге түсіп, шала бүлінді.

– Бұйдаға таласпағын. Бұйрықты орындау – заң. Оны бұзуға ешкімге құқық берілмеген. Кімде-кім қарсылық білдірсе, барар жері дайын. Жаңа өкімет тіл-жағына сүйенгендерді қаламайды. Ондайларды арандатушы, араға жік салушы деп абақтыға тығып, керек десе, ит жеккенге айдайды. Атылуы да ғажап емес, – деп, үрейлендіріп, қалың ерінін дүрдитіп, еліре едіреңдеді. Жанбикенің қолындағы бұйданың ұшын жұлып алып, өзін кейін қарай иетеріп жіберді. Жұлқынған бетте тәлтіректеп барып, етпетінен құлап, тұмсығымен топырақ қапты. Ашу-ызаға булыққан ана сылқ түсіп, жанарын жасқа бұлағаннан басқаға әлдәрмені жетпегеніне қорланып, өксігін тия алмай еңіреді дерсің.

Сұстанған белсендінің қарсылық білдірген Жанбикеге өктемдікпен әкіреңдеген оғаш қимылынан сескенген отағасы Қалданбек те қаншама қу жаны қалмай қуырдақ болып қуырылып, шыр-пыр күйге түскенімен, қип етсе қырамын да жоямын деп діңкілдеген өктемшілдерден қаймығып, мойнына су құйылғандай сөлбірейді. Қоқиланып қыдыңдаған жандайшаптармен қарсыласып ерегісуден ештеңенің өнбейтініне, әрекетінен түк шықпасына көзі жеткенсіп, тымтырыс тымырайып шеткерікер ығысудан басқаға амалы қалмаған соң ауызына құм құйылып, жер тырмалап отыра кетті.

Жаңа өкіметтің сойылын соғып, әпербақандықпен күш көрсеткендер ауылдың берекесін қашырып улатып-шулатып бірнеше үйдің малдарын айшайсыз айдап әкете барды. Қалданбек «япырай-ә, япырай, бұл неткен сұмырайлық әрекет, аяушылықтан жұрдай ғой түге, мына қаныпезерлер» деп, басын шайқап, тісін қайрады. Әйелі Жанбике де тәлтірек қағып барып, тізерлей бүк түсіп. жер тырмалаудан басқаға әл-дәрмені жетпей, еңсесін тіктей алмай сүміреюден әрі аспай сұмпайыдай сөмпиді. Малмен күн көріп отырған ауылдың қарапайым адамдарын жерге қаратып кеткендер артына мойын да бұрмады.

Орташа бойлы, тығыршықтай етженді, еңгезердей бір тоға мінезді Қалданбек күнделікті тамағына там-тұмдап қатық қып, талшықтап отырған сиырынан айырылғалы қатты абыржыды. Тұрмысы төмен. Қап түбі әлдеқашан босаған. Тамаққа жарымаған бала-шағасы күн санап жүдеп барады. Екі ұлы жанарлары жасаурап: «Қарнымыз ашты, бірдеме ішейікші» деп ыңырсып, жылаудан көз ашпайды. Аштыққа ұрынған тауқыметтің қиындығына жаны қиналған Қалданбек ертеңгілікте әйелі Жанбикеге:

– Қол қусырып отырып аш өзекке түскеніміз жараспас, жасырын барып тоғай жақтың шатқалын шарлап, аң аулап келейін. Жүрек жалғар бір нәсібі бұйырар, – деп бір ұңғылы мылтығын иығына аса бергенде әйелі Жанбике:

– Тоғайдың аң-құсында атқызбайды дейді ғой. Байқасаңшы. Қолға түсіп, айыпталып жүрме, – деп ескертіп жатты. Қалданбек иині түсіп, селқос көңілмен үйден шығып кеткен. Қас қарайғанша оралмады. Әйелі мезгіл-мезгіл есік алдына шығып, беталып кеткен тоғай жаққа қарай-қарай көз талдырды. Байыз тауып, тынши алмады. Сылт еткен дыбысқа еленде п, құлағын түріп, есік жаққа ұмсына көз тігеді. Күйеуінің келуі ұзаңқырап кеткесін үш-төрт үйден кейінгі көршілес Шынтақбайдың отбасында қараңқұраң адамдар түн қараңғылығын жамылып сапырылысып, абыр-дабыр дауыс шығып жатқан соң, осында отырма деген үмітпен Жанбике солай қарай жүрді. Жақындай бергенде қуырдақтың күйік иісі танауын қапты. Жанбике табалдырықтан аттап, үйге кіріп келгенде, оған бәрі үрпиісе жалт қарасты. Жүздеріне әжім сызықтары айғыздана көрінген үй ішіндегілер Жанбикенің мезгілсіз уақытта бұл келісін іштей ұнатпай калакөзденіп, қабақтарын тыржитты. Оны аңғара қоймаған Жанбике:

– Әлгі біздің үйдегі балалардың әкесі аң аулауға кетіп еді, күн батып, қараңғылық қоюланды, Әлі келмей кешігіп жатыр. Дабыр шыққанға қарап, осында ма екен деп келіп едім. Көрген-білгендеріңіз жоқ па? – деп, босағада состиып тұрып сұрады. Шынтақбай жыпылықтаған көзі алақтап, қозғалақтап қипақтаған кейіппен сасқалақтай мыңқ-мыңқ етіп міңгірлеп:

– Көрген жоқпыз оны, – деп, жауабын қысқа қайырды. Жайшылықта: «Келіңіз, дәм татыңыз» деп жалбаңдап ағынан жарылатын әйелі де мандытып үн қатпады. Төмен қараған бетте орнынан тапжылжымады. Бедірейіп жылы қабақ танытпаған қалпын өзгертпей отыра берді. Күйеуі Шынтақбай аузындағысын малмаңдай шайнап, ерінін сүркіштеп:

– Жеті түнде біздің үйден іздегеніңе не жорық? – деді ренішті кейіппен. Дауысы дірілдеңкіреп шықты. Жақтырмағандық ыңғаймен әрі жүр дегенсіген сыңай білдіріп, кеудесінен итергендей болған соң Жанбике: «Апырай-ә, қалайша кешігіп жатыр екен о жазған», – деп, іштен күбірлеп, артық-ауыз тіл қатпастан жүні жығылғандай кейіппен кейін шегіншектеп шығып кетті. Әлденені сезгендей қолқа жүрегі езіліп, «бұ жазған қай қиырды кезіп жүр екен» деген күдікті ой көмейіне әлдене рет тығылды.

Қатпарланған қабағы қырыстанған Жанбике көршілесі Шынтақбайдың соншалықты жалтақтап, қыпылықтап сасқалақтағанына қарап, ойына: «Осы бәле бір жайсыз хабардан құлақдар ма, соны айтуға батылы жетпей күйбеңдеп отыр ма?» дегендей күмәнді күдік қылаң беріп, тіптен тынши алмай мазасызданды. «Жаңа Шынтақбайдың соншалықты абыржығаны несі? Түнеукүні осы Шынтақбай кісі етін жепті деген сыбысты құлағы шалып еді. Бүгін де кісі етін пісірген соң қипақтап, сасқалақтаған түрі ме әлгі қобалжуы?» – деп іштей күбірлеп. Өзінше топшылап тон пішкен Жанбике қанша сабыр сақтайыншы десе де, көңілінің алаңдаушылығы байыз таптырмай, санасын сан-сапалақ ой шырмауықтай шырмай бастады.

Қайғы-мұңның небір керемет көріністерін көз алдына елестеткен Жанбике талықсып барып ұйықтап жатқан екі баласының қасына қисайды. Ұйқысырап кірпіктерін қанша айқастырса да әлгі Шынтақбайдың жақтырмағандық пиғылы мен өзінен өзі үркектеп алаңдаушылық білдірген кейіпі ойына деміл-деміл орала берді. Аптығы басылмай, арнасына түсер емес. Сіркесі су көтермей, күйзелісі күшейген. Ұйқысы келмей дөңбекши бергесін төсегінен тұрып есік алдына шықты. Жабағыдай тұтасқан қарабауыр бұлт түнеріп, айналаны қараңғылық тұмшалаған. Төңірегін бағдарлап, тың тыңдап, жан-жағына құлақ түрді. Еш сыбыс та, дыбыс та естілмеді. Тек алыстан әупілдеген ит дауысын еміс-еміс құлағы шалды. Қасқыр ұлыды. «О қарабасыңа көрінгір, соншама ұлығаны несі?» деп үйге қарай бұрылды. Алаңдап дегбірі қашқандықтан жүрегі де лүпілін жиілетіп, төсегінде арлы-берлі дөңбекшіп жатып, таңды көз ілмеген бойда әрең атырды.

Ертеңгілікте көрші Шынтақбай бұрылып келіп, табалдырыққа табан тіреп тұрып:

– Қалай күйеуің келді ме? – деп дауыстады. Бірақ көңілінде қобалжу, үнінде бір толқу бар секілді көрінді. Жанбике жүзіне ойлана көз тастады. Көп әңгімені қопсытпайын деп тартыншақтай берді. Шынтақбай есік алдында тұрып қайта-қайта күркілдей жөтеліп, қақырынып-түкіріп, қарадай әуреленіп бір шама кідіргенсіді. Жан қиналысы, жан азабы жанын жай таптырмай, көңілінде қандай да бір алаңдаушылық барлығы аңғарылғансиды.

Жанбике күйеуі Қалданбекті келіп қалар деген үмітпен сәске түске шейін жолға көз талдыра қарап, шыдамсыздана күтті. Келмеді. «Ауылдан қанша шығандап кетсе де, оралатын мезгілі жетті ғой. Кібіртіктеп қайда жүр екен, о байғұс? Әлде жаңа өкімет қыр жонында жортқан аң-құсты да аулатпайды екен дегенді естіп едім. Сондай қорықшылардың қолына түсіп, сұрақ-жауаптың соңында жүр ме?» деген тәрізді жорамал сауалдардың жауабын іздеген Жанбике әлгінде ғана қайта қисайған төсегінен басын көтерді. Мең-зең. Шеке тамырлары солқылдайды. Желбегей пешпетін иығына жамыла салып, Қалданбектің жақын ағасы Жайдаққа барып, жылап-сықтап отырып күйеуінің аң аулауға кеткеннен бері оралмағанын айтып, тездетіп іздестіруді өтінді.

«Ойпырай-ә! Қалайша кешікті екен? Адасып ауылдан ұзап кеткесін жете алмай жатқан болар, бәлкім» деді, беймәлім ойға батқан Жайдақ. Оған Жанбике: «О жазғанның көкейінде осы маңның әр бұтасының түбі жаттаулы десем өтірік болмас. Талай кезіп шарлаған өңірінен жол таппай адасыпты дегенге сенбеймін. Ол бір пәлеге жолықты-ау. Өйтпесе бүйтіп кешікпес еді» деді жанарынан жасты мөлтілдетіп тұрып. Жанбикенің зарлы үнін естіген Жайдақ: «Жарайды, іздейін» деді де, қасына естияр баласын ерітіп, көп бөгелмей Қалданбек кеткен тоғай маңын торуылдауға аттанды. Қалың жыныс-ты нуды, алаңқай қыр-жонды арлы-берлі шарлады. Қарғалар қаңқылдап, аспанда қарақұс айналсоқтап төменге қарай шүйіліге ұшқан тұсқа қарай бет алды. Жақындай келе қалтарыстау бүктің маңында қарға-құзғындар бірі қонып, бірі ұшып жатқанын байқады. Солай бұрылды. О, тоба?! Неткен сұмдық бұл! Қалданбектің басы домалап жатыр. Еттерін сылып алған сүйектерін қарға-құзғын жемтікке айналдырып, жұлмалап тастаған. Ит-құс шоқып тастаған сүйектердің қаңқасы саудырап шашылған.

Жайдақ жан түршігерлік үрейді ұшыратын мұндай сұмдықты көргенде «ойбай-ай, ойбай, бұл неткен жауыздық?! Мұндай зымиандыққа кімнің қолы барды?» деп, ah ұрып, есеңгіреп, мәңгірді де қалды. Зығырданы қайнап, қатты күйінді. Делсалдық мең-зеңдік күй кешіп, тұрған жерінде сілейді. Жантүршігерлік зұлымдық көріністен шошынғаны соншалық, басы зеңгіп, жер мен көк айналғансыды. Жүрегінің талмасы ұстады ма, әйтеуір демі құрып, тыпырлап жер тепкілеп, бақыруға мұршасы жетпей дымы құрыды. Күтпеген үрейлі қорқыныштың әсерінен Жайдақ есінен танып, етпетінен құлап жалп етті. Баласы жүгіріп келіп: «Әке, әке,» деп басын сүйемелдеп, шыр-пыр күй кешті. Көз жасын ағыл-тегіл селдеттіп отырып: «Топанды суырсақ та, нәпақа таба алмай аштан қырыламыз ғой бүйте берсе. Зәлімдік үреймен үрпите үркітіп, талайды інге тықты-ау мына қарабет нәубет» деп зығырданы қайнап, зарлап жылаған ащы үні бойды дір еткізді.

Шағын ауылды дүрліктірген сұмдық оқиғаны – кісі етін жеген адамды іздестіргенде, қаныпезер көрші Шынтақбай болып шықты. Тінту барысында үйінен адамның сұрпы еті, қорасынан Қалданбектің мылтығы табылған. Бұлтартпас айғақты дәлелдер тіркелген соң кісі етін жегіш жалмауыз қылмыскер Шынтақбайдың басы шырмауықтай шатылып, қызыл жағалылар ұстап, айдап әкетті.

Жандайшаптармен теке-тіресіп, жан серігінің ғайыптан зұлмат жанның қолымен борша етінің пәре-пәресін шығарып, тілгілегеніне қатты қайғырғандықтың зәрлі уыты жүрегін жегідей жеген Жанбике күйеуі Қалданбектің шашылған сүйектерін жинап әкеліп, қорымға жерлеген түні таң алдында көз жұмды. Ішкі өзегі бордай үгілген ағайын-туыстары уhілеп-аhылап теңселе күйзелді. Шырылдап артында қалған екі ұлы тақыр жетімге айналды. Үй іші қаңырап тұр. Жеп-ішуге ештеңе табылмады. Екі бала кезерген еріндерін жібітуді ойлап, пісіп жетілмеген тарының көксағал дәнін суға қайнатып ішіп

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШАРШЫЛЫҚ АПАТЫНА – 100 ЖЫЛ

немесе нәубет насыры

еді, іштерін жүргізді. Ышқырларына ие бола алмай бірнеше тәулік әуреленіп мазалары кетіп, аш күзендей бүгіліп, зықылары шықты.

Көздері бозарып, жүдеп әлсізденген екі баланың үлкені Тұрар інісі Жалғасқа: «Жүр қырдан жаужұмыр жинап, жиде теріп келейік. Сөйтіп ілдалдалап тірлік жасамасақ, тұралап жатқандар жетерлік. Әркімнің өз қайғысы өзімен. Бізге кім қарайласар дейсің. Өзіміз тырбанайық» деді. Інісі оны құп көрді. Қабырғалары ырсиып, көнетоз желбегейлерін иығына жамылып, екеуі қырды бетке алды. Жиде піспеген. Шикі көк. Жесе, ішті ауыртады. Қыр құмынан жаужұмыр іздеді. Барын қазып әкеткен. Қанша қарағанымен бір түйірі де кезікпеді.

Қарындары қабысқан екі бала жүре-жүре діңкеледі. Жүрек жалғарлық нәр боларлық түк те кезікпеді. Сөлбірейіп келіп дөңестеу төбешікке қатарласа тізе бүкті. Дәп сол мезетте алдарынан бір қара шұбар жылан жорғалап өте шықты. Тұрар атып тұрып: «Әкемнің «Өлмегенге өлі балық жолығады» дегені осы шығар. Мына жыланды ұсталық. Бір шайнамдық еті бар шығар. Қуырып жесек, қарынға қорек болар» деп інісіне қарады. Ол үндемеді. Тұрар ирелеңдей жорғалаған қара шұбар жыланды бұтабұтаның арасынан қуалап жүріп әрең дегенде ұстады. Оң қолымен басына тақау мойнынан қылғындыра уыстап, қыса түсті. Сүйір тілін жалаңдатқан жылан олай-бұлай бұлғаңдап, құйрығымен аяғына шалмалай оралды. Тартқыштап жүріп орамын жазып табанының астына салып, таптай түсті. Бұлқынған жылан оңайлықпен жан берер емес. Құйрығын бұраландатып, тыпыр қағады. Басын ағашқа тақап алып кездікпен алқымынан орып жіберді. Қан шашырап, шөп-шалаң қып қызыл бояу жаққандай түрге енді. Қаны сарқылып бітті ме, жылан да әлсіреп, сылқ түсті. Тұрар арқан қиындысын орағандай өлі жыланды шұмақтай бүктеп шүберектен тігілген қара дорбаға салып қойды да, шөпшек жинап, отын тұтатты. Тамызығы молдау қу отын лаулап жанды. Жалынды қызыл шоқ молайған кезде жыланды қызулы қоздың ортасына тастады. Бырт-бырт етіп шыжғырылып, сыртына майы шығып, пісті-ау дегенде таяқшамен шоқтан шығарып, қаужапырақтың үстіне қойды да кездігімен кертіп турады. Тұрар өңі бозарып бөлшектелген жыланға телміре қараған інісі Жалғасқа:

– Қалаған жеріңді алып жей ғой, – деп иек қақты. Бұрын мұндай тағамды жеп, дәмін татып көрмегендіктен інісінің зауқы соқпады. Қабағын тыржитып, қолын созбай мөлие қарап отыра берді.

– Аштан өлмейін десең, жиіркенбей же, өзегіңді жалға. Әбден шайна, сөлі шығады. Соны қылғытып жұтсаң, қарыңа нәр барады, – деді де, Тұрардың өзі жыланның кесілген бір-екі түйірін ауызын кере асады. Мылжалап шайнап отыр. Өстіп отырғанда сырт жақтан келген бір жігіт туралған жыланды ала қашты.

– Әй-әй, саған не көрінді? Мұның не? – деп, Тұрар артынан тұра қуды. Қашқан жігіт асып-састы ма, көлденең жатқан ағаш бұтағына сүрініп жалп етіп құлады. Жетеқабыл жеткен Тұрар оған төне түсті.

– Сен неге сұраусыз алып қашасың? Бірге отырып жейік десең қайтеді ең болмаса? – деп көзін аларта қарады.

– Ағатай, айыпқа бұйырмашы, дәм сызбағаныма үшінші күн. Ашөзегіме түсіп, көзім қарауытып, құрдымға құлағалы тұрған соң, еттің иісін сезіп осылай жүгірдім. Өзің жалмаң қағып асап жатыр екенсің, маған қала ма, жоқ па деп, шыдамсыздықпен қол сұққаныма кінәлімін. Бір түйірін салшы аузыма, аш өзегіме түсіп барамын, – деп жалынышты үн қатты.

– Сен бізді жетісіп жүр дейсің бе? Дәм сызбай сенделгенімге үш тәуліктен асты. Мына бір жыланды ұстап, құнан қой сойғандай, енді ғана сыбана кірісіп, ес жинайтын шығармыз дегеніміз де сол еді. Сен келіп үстімізден күдер үздіріп тұрғаның қалай? Біз де ашпыз. Інім анау әлсіреп жатыр. Сен болсаң ақай-тоқайға қарамай, баса-көктеп ала қашқаның не? Жазасын қалай тартты-райын, өзің айт кәне?!

– Аштан өліпті дегенше, кісі қолынан ажал құшыпты деген сөз қалсын. Өлтіре сал.

– Солай ма?

– Иә.

– Өкінбейсің бе?

– Өлген адамның мұң-мұқтажын кім тыңдайды. Ондай өкімет қайда бар? Елді шетінен қырып жатыр, қырып жатыр. Өлігінді жаназасыз күресінге сырып жатыр емес пе?! Бүйте берсе, сен де, мен де көмусіз қаламыз әлі-ақ.

Екеуара осылайша дүрдараздасып тұрғанда Тұрардың інісі Жалғас көзі аларып, жалп етіп сылқ жығылды. Иегінің ұшынан жаны шыққанын көзімен көрген Тұрар отыра қалып, шекесін қос қолымен жұмырлай қысып, өкіре жылады. «Жалғыз інім еді. Енді қайтейін? Аштық апаты жалмады-ау сені де. Жаңа шоққа піскен жыланның ең болмағанда бір кеспесін жегенде қайтер еді? Жүрегіңді жалғағанда аман қалар едің-ау. Неге зорлап жегізбедім. Қап-ай, ә, қап!»

– деп өкіністі өксігін көпке дейін баса алмай мәңгірді. Жанындағы жігіт бұраландап келіп баланың бетін жауып, Тұрарға көңіл ниетін білдіріп, құшақтап бауырына басты.

Қасіретті аштық кесепатының зұлматты зауалымен бір шаңырақ отағасының етін кісі жеді. Аштық апатының тауқыметті қорлығының зардабын шеккен қаншама ана мен бала талықсып талмаусырап көз жұмды. Қабырғасы сидиып, құр сүлдесі қалған ұлы Тұрарды нағашы жағы паналатуға алып кетті. Осылайша бір шаңырақтың оты сөніп, түндігі ашылмай, қазаны асылмай, қайғы-мұңы басылмай қаңырап қалғаны жүректерді сыздатып, қабырғаны қайыстырды да.

«Ауыл адамдары неге қарадай қырылып жатыр?» дегенге жоғарыдағы билік басшылары: «Қазақ шетінен ауру мәнжуас мәнзелді халық. Іш сүзегіне ұрынып, содан оңала алмай, жан тапсырушылар артып барады» деп жайбарақатты жалған жауап беруден танбады. Қынадай тиген қиянатты қырғынды нәубеттің насырлы қылмысы бүркемелеуден әрі аспады. Ақиқатты шындық айтылмаған соң, тамақ таппай жүректері сазып, тұрмыстары тозып кеселдер қозып тұралаған халыққа шынайы қамқорлықпен қол ұшын созушылар да бел буып белсеніп шыға қоймады. Ауылдағылар шетінен аштықтан тұралап, екі аяғына тіктеп баса алмай ырғалып теңселді. Көбісі тұрған жерлерінде тырапай асып жығылып, еңсесін қайта көтеруге мұршалары жетпей жер жастанды да. Мүләйімсіген қулық-сұмдық саясат құрбанына шалынып, көмусіз қалып, мәйіттері қарға-құзғынға жемтік болғандар да қисапсыз көп. Есебін ешкім де санап тауыса алмас. Тұқымымыз тұздай құрыр деп үрейленгендер тоз-тоз болып күнкөрістің айла-шарғысының қамын іздестіріп, беті ауған жаққа үдере көшіп жатты. Әлдәрмендері жоқтар ашөзегіне түсіп, алара бозарған көздеріне шыбын үймелеп, қынадай қырылып, саудыраған сүйектері шашылып, ит-құс мүжіп жатты. Кең далада сасық қан иісі бұрқырап, жиіркеніштінәуетек дендеді. Қайғы-мұңның қара бұлты тұншықтыра тұмшалады, Талайы сергелдеңге түсіп торсаңдады.

Ашаршылық апатының індеті қазақ елінің ішін кеңінен жайлағандықтан қынадай қырылып, көмусіз қалғандықтан мәйіттерін иттер тіміскіледі. Қарға-құзғын шұқыды. Ілдалдаған тірілері кіндік қаны тамып, табаны тиген топырағынан қарадай жеріп, өлместің күйін кешіп, жан сауғалап паналар қалқа ықтасынын іздеп, лажсыздан туған жерін тастап тентіреуге, беті ауған жаққа қарай қаңғыруға өзін-өзі мәжбүрледі. Оған нақты тарихи дәйекті дәлелдер де жеткілікті.

Өткен жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жартысы қазақ халқының өмірінде жан күйзелісін күшейткен қиямет-қайымды үйіп-төккен зарзаман кезеңіне айналғаны анық. Әсіресе 20–30 жылдарындағы ашаршылық апаты немесе «Ұлы жұт» қазақ тарихының қасіретті беттерін айғақтайды. Зертеуші ғалымдар қазақ халқының бір ғасырда үш бірдей ашаршылық зобалаңының зардабын бастан кешкендігін дәлелдеп, оны үш кезеңге бөліп қарастырады: 1919 – 1922 жылдардағы аштық сұмдық жан түршіктірді. Опат 1,5 млн. адамды мезгілсіз обадай жалмап, оңдырмай опындырды. Екінші қырғын құштырған ашаршылық опаты, әртүрлі мәліметтер бойынша, 1930-шы жылдарда 1,5 миллионнан 2,5 млн. адамды ажал құштырды. Ал, үшінші ашаршылық соғыстан кейінгі еліміздегі экономикалық ахуалдарға байланысты белең алды. Бұл ашаршылық халықтан жасырылды. Саясат шындықты бүркемеледі. Тұрғындардың қатты зардап шеккенін сездірмегенсіп, құпиялап ұстады. Жалпы алғанда, қазақтар іс жүзінде Кеңес өкіметінің тұсындағы 15–20 жылдың ішінде халқының жартысына жуығынан айырылып қалғаны тарихи есептен мәлім. Әлемдік тарих мұндай кең ауқымды қамтыған ашаршылық зардабын бұрын-соңды білген емес. Қазақ жерінде зиянды кесепаттың салдарынан демографиялық ахуал күрт төмендеді. Оның айқын көрінісі ретінде 1931–1933 жылдары қазақ халқының басына төнген ең бір қасіретті «Ұлы жұт» кесірінен қырылғандарды еске алсаң, жаның түршігеді. Бұл қолдан әдейілеп ұйымдастырған сұмдық зұлматтың зардабы еді. Тек мал өсіріп, күнкөрістік тіршілігін қамдап отырған халықтың қорасындағы төрт түлік тұяғын сыпырып тартып алып, тұрғындарды тығырыққа тіреді. Онысымен қоймай Жетісу жұртшылығына ұшқан құс пен жүгірген аңды да аулауға қатаң тыйым салынды. Сұрықсыз саясаттың лаңынан жергілікті халық жаппай ашаршылыққа ұшырады. Көрмеген қорлығын көрді. Зұлмат жылдары үш миллионнан астам адам жүрек жалғарға нәр таппай, жан тәсілім етті. Батыстық немесе ресейлік ғалымдар ашаршылықтың болу себептерін ауа райының қолайсыздығынан, құрғақшылық салдарынан егіннің шықпай қалғанынан немесе жұқпалы аурулардың таралуынан деген сияқты негізсіз сілтемелерден іздейді. Ақиқатты айтудан жалтарады. Ашаршылық кезінде қаншама қазақ соры қайнап, қыршынынан қиылды. Оған дәлел – мұрағат қойнауында қатталып сақталған көптеген ресми құжаттар баршылық. Ұлт зиялысы М. Тынышбаевтың есебі бойынша «Қазақстанда 1917 жылы 2 910 000 қазақ өмір сүрген болса, ал М. Г. Сириустың 1924 жылғы жүргізген санағы бойынша қазақтар саны 1965 443-ке әрең жетіп жығылғаны дәйекті мәліметтер дерегінде нақты көрсетілген. Белгілі демограф-ғалым Мақаш Тәтімовтің есептеуінше 1931–1933 жылдардағы ашаршылық Қазақстанда өмір сүрген 2,5 млн. адамның, соның ішінде 2,3 млн, қазақтардың тақсірет тартып, мәңгілікке көз жұмғандықтарын анықтағаны бар. Отырықшы келімсектер арасында аштықтан өлгендер 10 пайыз болса, көшпенді қазақтар арасында бұл көрсеткіш 52-53 пайыздан асып жығылады. Сондай-ақ жергілікті тұрғындардың 17–18 пайызы Қазақстаннан басқа елдерге біржола көшіп кеткен деген мәліметтерді есепке алсақ, қазақ халқының саны өз жерінде осы кезеңде 70 пайызға дейін құздан құлағандай құлдыраған.

XX ғасырдың 30-шы жылдарының басында өткерген сол бір нәубет ашаршылықты жасаған, жаппай ұжымдастыру идеологиясының негізін салушы, сонымен қатар Қазақстандағы «Кіші Қазан» төңкерісінің негіздеушісі, данагөй көсем ретінде дәріптелген Сталиннің ұрда-соқ тоқпағы Ф. Голощекин сынды қатыгездігі қара тастай билік тізгінін ұстаған бойда қолға алған ісі – жаппай кеңестендіру жүйесін енгізіп, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын өзгертуге бағытталған ой-болжамдарын іске асыруға қазақтар бірден мойынсұна қоймады. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі халықтың ұлттық дәстүрлі шаруашылығы жаңа таптық жүйені жылдам қабылдай қоюға дайындығы жоққа тән де еді. Еріктен тыс күштеу тәсілдері жан түршігерлік тақсіретке тіреді. Қорыта айтқанда, қазақ халқы үшін XX ғасырдағы сондай сұрапыл оқиғалардың арасында 1921 және 1931-1933 жылдар аумағын қамтыған ашаршылық апатының қайғылы қасіретінің залал-зардабы қой үстіне бозторғай жұмыртқалатқан жұртымыздың жартысын жалмап, қайғы қасіретін құштырғаны зарзаманның мәңгілік естен кетпес, санадан өшпес, сай сүйекті сырқыратар, жүрекке қан жұтқызар залалды зардабы екені даусыз. Жақсылық жасап жарылқаймыз деген Кеңес өкіметі қазан төңкерісінен кейін елге қияметті тауқыметтің таусылмас бәле-жаласын үйіп-төгіп жазықсыздарды жалған жаламен өмірінде жеріне табан тигізіп көрмеген, тұрағы қайда екенін естімеген, тілін білмеген Жапон елінің тыңшысы деп жақауратып айыптап, алдарақ асыл азаматтарымыздың біразын абақтыда азаптап, алжастырып албастыға айналдыруға дейін баруы қияметтің қиямет еді.

Көксіген саясат тасыры мен нәубет насыры өткен дәуірдің жиырмасыншы ғасыры қазақ елінің басыры іспеті жебір кеселдің ұйығы мен тұйығына айналып, аштық апатынан аман қалған тұлғалы тұлғалардың асылы дарға асылып, күйініп аһлап, жерге бас ұрды. Қуғын-сүргінге ұшырады. Жалған жаламен айыпталып, ит жеккенге айдалды. Қыңырлары ырыққа ыңғай танытпай, қасқая қарағандықтан нағыз дұшпан осы деп атылды. Бес жылға созылған Екінші дүниежүзілік сұрапыл соғыс сойқаны талай жанды сорлатты. Қарадай қанын төкті. Ана жесірліктің, бала жетімдіктің зардабын тартып, өксіктерін баса алмай шыбын жаны зар иеледі. Жиырмасыншы ғасырдың сексен алтыншы жылғы желтоқсанның ызғарлы үсігі жастардың бетін қарып, мыстарын басып, еңселерін түсірді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың XX ғасырдың 20–50 жылдарындағы қуғын-сүргін зобалаңы мен ашаршылық опатының халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең екендігін атап өтіп. осы нәубеттің құрбандарын есте қалдыру мақсатында сталиндік репрессия құрбандарын ақтау бойынша арнайы комиссия құрылып, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Табиғаттың тазалығын қалайтын көксіл де көксініп, аштық апатынан топырағы қан сасыған дала аспанынан түңілгендіктен торығып, жерінен жеріп, аулаққа ұзап, ұя салуға қайта оралмай, бір жола ғайып болғалы қашан?! Құсекеш құс та қасіретті зардап азабын шектірген қонысты жақтырмайды-ау. Ал адам көнбіс. Бәріне шыдамдылық танытады. Тастап кетуге қимайды. Келер күннен күдерін үзбей, шамасы жеткенше тірлігін қамдайды. Бұл да халықтың туған жерге деген ыстық ықыласы мен шексіз махаббатының мәңгілігінен, қиындыққа төзімділік танытатын қайсарлықтың өршіл рухынан туындаған киелі қасиет болар, бәлкім!

Әли ЫСҚАБАЙ,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген мәдениет қызметкері,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Алматы облысының
Құрметті азаматы.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИМИДЖ

КУЛЬТУРА СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ

В нашем государстве судебная власть осуществляется посредством гражданского, уголовного и иных установленных законом форм судопроизводства. Поэтому основной составной частью повышения имиджа судебной власти является повышения культуры судебных процессов.

Культура судебных отношений является первой составляющей культуры судебного процесса. Впроцессуальных отношениях властными правомочиями обладает только суд, поэтому культура судебных отношений во многом определяется культурой председательствующего (судьи) как руководителя судебного заседания, его личностными, морально-деловыми качествами.

Таким образом, в этой связи, повышение культуры проведения судебных процессов является важным условием обеспечения эффективности правосудия и повышения имиджа судебной власти. Более того, актуальность данной темы заключается еще в том, что осуществление правосудия в точном соответствии с законом обеспечивает предупредительное и воспитательное воздействие судебных решений.

Вместе с тем, немаловажное значение для повышения культуры судебных процессов имеет внешняя обстановка суда. Высокая культура судебного процесса требует хорошей, добросовестной подготовки к рассмотрению дела судей, прокурора, адвоката, глубокого знания ими дела.

Необходимо подчеркнуть, что одним из обязательных условий культуры судебных процессов является своевременное открытие судебного заседания, а также соблюдение времени перерывов и распорядка судебного заседания.

В последние годы введенная обязательная система аудио-, видеозаписи всего судебного разбирательства способствует обеспечению законности, объективности, а также порядка и дисциплины всех участников процесса.

Значить, рассмотрение дел должно проводиться судами на основе точного соблюдения законности, в полном соответствии с процессуальным законодательством. Председательствующий по делу по делу призван обеспечивать лицам, участвующим в судебном заседании, возможность реального осуществления прав, предоставленных им законом, соблюдать нормы, гарантирующие равенство сторон.

Айгерим КУСАИНОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС.

СОВЕТЫ СПЕЦИАЛИСТА

Трудовой спор — разногласие между работником (работниками) и работодателем (работодателями) по вопросам применения трудового законодательства Республики Казахстан (далее — РК), выполнения или изменения условий соглашений, трудового и (или) коллективного договоров, актов работодателей.

ПОДСУДНОСТЬ ТРУДОВЫХ СПОРОВ

Иски по спорам, вытекающим из трудовых правоотношений, подлежат предъявлению в суд по общим правилам гражданского судопроизводства по месту нахождения ответчика. Вместе с тем, процессуальным кодексом в отдельных случаях, перечисленных в статье 30 ГПК, предусмотрено право на предъявление иска по выбору истца.

Согласно части 3 статьи 30 ГПК иск, вытекающий из деятельности филиала или представительства юридического лица, может быть предъявлен в суд также по месту нахождения филиала или представительства.

При этом в пункте 4 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан № 9 от 19 декабря 2003 года «О некоторых вопросах применения судами законодательства при разрешении трудовых споров» указано, что при предъявлении исков по месту нахождения филиала или представительства в порядке, предусмотренном частью 3 статьи 32 ГПК(в старой редакции), ответчиками могут быть только юридические лица.

При определении подсудности с применением положений части 8 статьи 30 ГПК иски о взыскании заработной платы, пенсий и пособий, а также иски о восстановлении трудовых, пенсионных и жилищных прав, связанные с возмещением убытков, причиненных гражданину незаконным осуждением, незаконным привлечением к уголовной ответственности, незаконным применением меры пресечения либо незаконным наложением административного взыскания в виде административного ареста, могут предъявляться по месту жительства истца. Применяя данную норму, нужно исходить из буквального смысла и содержания части 8 статьи 30 ГПК, которая связывает возможность предъявления таких исков по выбору истца лишь в совокупности с возмещением убытков, причиненных истцу в случае его незаконного осуждения незаконного привлечения к уголовной ответственности и незаконному административному аресту.

Изначальное неправильное определение подсудности по трудовым спорам влечет не только возможную отмену в апелляционном порядке судебных актов, но и несвоевременное разрешение трудовых споров, по которым законом установлен сокращенный месячный срок их рассмотрения.

Ильяс МЫРЗЕКЕНОВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС.

КРИМИНАЛЬНЫЕ НОВОСТИ

ИЗДЕВАЛИСЬ НАД ПРИЕМНЫМИ ДЕТЬМИ

В социальных сетях было опубликовано видео, где четырех детей усыновленных в городе Саркан, избивают и издеваются над ними. Органы опеки и сотрудники ДП Алматинской области сразу взяли дело под контроль, передает корреспондент МИА «Казинформ».

Как выяснилось, 35-летняя жительница Саркана и ее супруг взяли на воспитание четырех несовершеннолетних детей. На сегодня уже начато уголовное расследование. Автор поста пишет , что 10-летний мальчик не может подрасти из-за постоянных издевательств. «В данном доме есть четверо детей, бывших воспитанников детского дома, которых усыновили и теперь постоянно унижают и бьют. Каждый день в зной на спину ребенка выставляются порядка 6 кирпичей, а также в рот ребенку пихают песок. Соседи пытались вмешаться, вызывали полицию. Теперь издевательства продолжаются за закрытыми дверями и зашторенными окнами дома. Каждый день соседям приходится слышать крики и вопли детей», - написано под постом. В свою очередь, в Сарканском районном акимате прокомментировали видео из соцсетей. «Опекунство над четырьмя детьми, 2003, 2007, 2012 и 2014 годов рождения, женщина со своим супругом взяла в июне 2020 года. В соответствие с законодательством согласие на опекунство дала их родная мать.

Как выяснилось, противоправные действия по отношению к ребенку допустил более старший по возрасту (17-летний) родной сын хозяйки дома, которая в это время выехала в Талдыкорган и отсутствовала дома. Нами оперативно создана комиссия, которая приняла решение пока направить детей в областной Центр адаптации несовершеннолетних. Правоохранительные органы проводят по факту уголовное расследование» - сказал пресс-секретарь акима Сарканского района Олжас Кайратулы. Также, стоит отметить, что в ходе следствия потерпевший 9-летний мальчик показал, что физические страдания ему причинял 17-летний сын опекунов. Сегодня по решению комиссии супруги лишены опекунства. А подозреваемый парень, причинявший побои, водворен в изолятор временного содержания.

В Северо-Казахстанской области с начала года более 400 человек стали жертвами мошенников, передает корреспондент МИА «Казинформ».

120 ЧЕЛОВЕК ОБМАНУЛИ МОШЕННИКИ В СКО

По информации пресс-службы департамента полиции, популярностью у мошенников пользуется платформа OLX, где злоумышленники обманули 141 жителя региона. 15 пострадали, пытаясь купить запасные части на сайте «Колеса». В 120 случаях мошеннического промысла преступники обманули граждан, представившись работниками банка. Через цифровые ресурсы поступают лжепредложения о грузоперевозках, устройству на работу, выигрышах. Большую часть обманутых составляют женщины. «Чаще всего жертвами обмана становятся граждане, использующие приложения в Интернете.

Продолжают преступники обманывать через мобильную связь. Несмотря на то, что в последние годы ведется активная разъяснительная работа, интернет-мошенничества - распространённый вид преступлений», - отметил начальник управления криминальной полиции Петр Климов. За последние шесть дней полицейские области раскрыли 24 преступления, совершенные через онлайн-площадки, выявили 145 ссылок на сайты с противоправным контентом. Информация по ним направлена в компетентные органы для блокирования. Всего же с начала года установлены около 600 таких ссылок.

ГЛАВУ ЦЕНТРА СУДЕБНОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ ОСУДИЛИ

К трем годам тюрьмы приговорили главу центра судебной экспертизы в Восточном Казахстане, передает Tengrinews.kz со ссылкой на канал «Астана».

По материалам дела, специалист за различные услуги брал деньги с родных умерших. В кассу учреждения они не поступали. За 128 тысяч тенге медик обещал ускоренное проведение экспертизы, а также платно помогал обмывать и одевать усопших. К нелегальному бизнесу патологоанатом привлек еще четырех санитаров. Следствие установило, что за год они заработали свыше 1,5 миллиона тенге. Всех приговорили к реальным срокам.

«Приговором суда руководитель центра судебных экспертиз и лица, которые помогали ему в совершении данного уголовного правонарушения, это дополнительно 4 лица признаны виновными и осуждены. Указанные 4 лица, которые оказывали помощь данному руководителю к 1 году ограничения свободы. А сам руководитель центра экспертизы осужден к трем годам лишения свободы по совокупности уголовных правонарушений», — рассказал и.о председателя суда № 2 Усть-Каменогорска Тельман Алимханов.

ТРОЙНОЕ УБИЙСТВО В КАРАГАНДЕ

Мотивом для убийства всей семьи стала резиновая лодка. Именно из-за нее поругались задержанный и погибший хозяин дома, передает ИА «NewTimes.kz».

Детали случившегося опубликованы в Telegram-канале patriot_patriot.

«Убил семью коллега отца. Мотив — резиновая лодка. Убийца поругался с хозяином дома из-за лодки и в порыве гнева нанес ему смертельные ножевые ранения. Известно, что двоих он убил в огороде, одного человека — в доме. Источники в прокуратуре подтвердили этот мотив. В семье есть старшая 27-летняя дочь. Она была в момент преступления в Караганде» — говорится в информации.

Ранее сообщалось, что тела трех человек обнаружили в частном доме в пятницу в поселке Агадырь Карагандинской области. Убитыми оказались 58-летний мужчина, его 59-летняя супруга и их 21-летняя дочь. У всех были ножевые ранения.

Полосу подготовил Ш. ХАМИТОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

ҮЗДІК СПОРТШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ ҮШІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ ЕЛІМІЗДЕ «СПОРТ КҮНІ» ДЕП БЕЛГІЛЕНГЕН БОЛАТЫН. ОСЫҒАН ОРАЙ ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ КӨГАЛДАҒЫ ХОККЕЙ АЛАҢЫНДА ЖИЫН ӨТТІ. ЖИЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ 30 ПАЙЫЗЫ ТҰРАҚТЫ СПОРТПЕН ШҰҒЫЛДАНАТЫНЫ АЙТЫЛДЫ.

Басқосу ашық алаңда, барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып ұйымдастырылды.

Шарада Алматы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев сөз алып, спортшылар мен бапкерлерді мерекемен құттықтады.

– Біз жыл сайын дәстүрлі түрде спортшыларға құрмет көрсетіп, кәсіби Спорт күні мерекесін атап өтіп келеміз. Биыл да үздіктерді марапаттауды жөн көрдік. Жалпы, облыс бойынша 200-ден астам қызметкер марапат алады. Бұл шара аудандарда да жалғасын табады, – дей келе облыстың жетістіктеріне тоқталды.

Жер жаннаты Жетісу жерінде спортпен жүйелі түрде 667 428 адам шұғылданады. Бұл облыс тұрғындарының 30 пайыздан астамын құрайды. Жыл басынан бері аймағымыздан 12 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 99 спорт шебері, 271 спорт шеберлігіне үміткер және 119 бірінші дәрежелі спортшы шыққан. Олар халықаралық және республикалық жарыстарда бақ сынап, 2085 медаль (677 алтын, 600 күміс, 778 қола) жеңіп алыпты.

Ел намысын қорғайтын өрендеріміз үшін барлық жағдай жасалуда. Атап айтсақ, облыста дене шынықтыру және спортпен айналысу үшін 3718 бірлік спорттық құрылым бар. 13 дене шынықтыру-сауықтыру кешені қолданыста. Сонымен қатар, ағымдағы жылы Талдықорған қаласында орталық жабық жүзу бассейні ашылды. Қазіргі уақытта 4 ДШСК-нің құрылысы жүргізілуде.

Осыдан кейін Нұрбақыт Молдахметұлы облыс әкімінің, дене шынықтыру және спорт басқармасының Құрмет грамотасын, «Спорт саласының үздігі», «Үздік жаттықтырушы», «Үздік спорт қызметкері», «Спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісін ардагерлер мен спорт саласында қажырлы еңбек еткен жандарға табыстады.

Жиын соңында мүгедектерге арналған облыстық мамандандырылған спорт мектебінің директоры Ерлан Бақтыбаев сөз алып, облысымызда спорттың қарыштап дамып келе жатқанын айтып, ізгі тілегін білдірді. Сонымен қатар, 24 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында Токио қаласында өтетін Паралимпиада ойындарына облыс спортшылары парапауэрлифтингтен Раушан Қойшыбаева, Рахметжан Хамаев және Гүлбану Абдыхалықова қатысатынын айтты.

Өз кезегінде сөз алған спорт ардагері Әсия Шалабаева жиналған жұртшылықты мерекелерімен құттықтап, жыл сайын спорт қызметкерлерімен қатар ардагерлерді де марапаттан тыс қалдырмайтын облыс әкіміне алғысын білдірді.

Данияр САҒЫНДЫҚ

ТОКИО – 2020

Алматы облысының әкімі Олимпиада жүлдегерлері Зульфия Чиншанло мен Игорь Сонға Талдықорғаннан пәтер кілтін табыстады. Жетісулық қос жүлдегер Токио төрінен қола медаль еншілеп қайтқан еді. Бұл туралы "Жетісу" газетінің тілшісі хабарлады.

ҚОС ЖҮЛДЕГЕР ПӘТЕРЛІ БОЛДЫ

Қабылдау шарасында аймақ басшысы Амандық БАТАЛОВ төртжылдықтың басты додасы Токио-2020 Олимпиадасының қола жүлдегерлерін құттықтап, жылы лебізін арнады. Жиында сөз алған Амандық Ғаббасұлы:

- Әлемнің кіл мықтылары бас қосқан додада жүлде алу оңай емес. Сондықтан, Токио төрінде ел абыройын асқақтатқан спортшыларға үлкен алғыс білдіремін. Сендер еліміздің мақтанышысыңдар! Сендердің арқаларыңда байрақты бәсекеде Көк Туымыз желбіреді. Өз басым сендердің Олимпиадада көрсеткен өнерлеріңді көгілдір экраннан үзбей көрдім. Екеуің қола жүлдегер атанғанда ерекше қуандым. Мұнымен тоқтап қалмаңдар, Парижде де ел намысын қорғап, алтын тұғырдан көрініңдер. Ол үшін біз қолымыздан келген көмегімізді аямаймыз, - деп ізгі тілегін білдірді.

Осыдан кейін сөз алған Игорь Сон: «Біздің дүбірлі додаларда орын алуымыз үшін барлық жағдай жасап, қолдау білдірген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен сізге үлкен алғысымызды білдіреміз. Келесі жылы Азия ойындары, одан соң Париж төріндегі Олимпиадаға дайындаламын. Сәтін салса, алдағы жарыстарда еліме алтынмен оралуға тырысамын», - деді.

Өз кезегінде облыстық жоғары шеберлік мектебінің ауыр атлетикадан жаттықтырушысы Сергей Седов тау көтерген толағайларға барлық жағдай жасалып жатқанын айтып, болашақта ел намысын қорғайтын чемпион дайындау үшін барын салатынын жеткізді.

Кездесу соңында облыс әкімі Зульфия Чиншанлоға үш, ал Игорь Сонға екі бөлмелі пәтердің кілті мен Алғыс хат берді. Осындай Олимпиада жүлдегерін баптағаны үшін Сергей Седовқа облыс әкімінің Құрмет грамотасы және 2 миллион теңгенің сертификаты табысталды.

Айдар ҚАЛИЕВ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Алматы облысында 3700-ден астам әр түрлі спорт нысаны халыққа қызмет көрсетуде. Өңір тұрғындарының 32 пайызы бұқаралық спортқа жұмылдырылды.

Қысқы спорт кешен құрылысы басталды

Соңғы үш жылда облыс бойынша 13 дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Тағы төрт кешеннің құрылысы жүріп жатыр. 10 мың балаға қалаған спорт түрімен айналысуына жағдай жасалып, 1 млрд теңге қаржы қарастырылып отыр.

Биыл Жетісу өңірінің спорт саласын дамытуға 21,5 млрд. теңге қаржы бөлінген. Соған байланысты Талдықорғанда қысқы спорт түрлеріне арналған спорт кешенінің құрылысы басталды. Жеке меншік иелерінің қаржысына салынып жатқан нысанда спортшылар шайбалы хоккей, мәнерлеп сырғанау, шорт-трэк сияқты спорт түрлерімен айналысатын болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ФУТБОЛ

АУЫЛДЫҢ ЖЕҢІМПАЗ ФУТБОЛШЫЛАРЫ

Әлем бойынша футбол ойынына қызықпайтын жанкүйер жоқ. Дүниенің төрт бұрышын өзіне таңдандырған ала доп додасы спорттың бекзада өнері десек артық айтпағанымыз.

Дәл осы тұста Қазақстанның командасы әлемдік сынға өте алмағанымен жасыл алаңға қолдау көрсетуге баратын жанкүйерлердің қарасы көп және ала допты ермек ететін қара домалақтардың қатары сиреген емес. Әсіресе, ауылды жердің түрлі командалары өнер көрсетіп, ауылын қуантуда. Аудандық, облыстық бәсекеде жасыл алаңның үстінде ойқастаған ауыл футболшыларының ойыны тым ерек. Дәл осындай футболшылардың бірі Еркін ауылының командасы.

Бүгінгі таңда Талдықорған қаласында әуесқойлар арасында жарыс өте көп. Қала чемпионаты, коммерциялық турнир, жеке мерейтойларға арналған футбол жарыстары жетіп артылады. Міне, осы ойындарда Еркін ауылының командасы үздіктердің қатарынан көрініп жүр. Ауыл балаларынан құралған команданы бүгінде Талдықорған қаласының жанкүйерлері жақсы біледі. Кәсіби ойыншылардан құралған команданың өзі Еркін командасынан қаймығып қалатыны жасырын емес. Міне, ауыл жастарынан жасақталған футболшылар дәл қазір қала чемпионатында жақсы өнер көрсетіп жүр. Ал команданың мұндай ірі жарысқа қатысуы үшін оларға үлкен қолдау керек. Ең бірінші футбол формасы, жарысқа қатысу жарнасы, ойынға арналған құрал-жабдықтар және жаттығу жұмысы.

Нұрлан Алмаз жаттықтыратын Еркін командасына Талдықорған қаласы мәслихатының хатшысы Темірболат Ахажанов, қалалық мәслихаттың депутаттары Нұрмұқан Биғайланов, Әнуар Бөкенов әрдайым қолдау білдіріп отырады. Үнемі игілікті істің басында жүретін қалалық депутаттар бұл жолы да сырт қалмады. Әрдайым салауатты өмір салтын ұстанып, жастарға қол ұшын созуды басты міндеттері санаған ел ағалары командаға үлкен көмек жасауда. Олардың оқу-жаттығу жиынына бірге қатысып, жастардың ұсыныс-тілектерін тыңдап, материалды-моральді тұрғыда демеушілік істеуде. Осындай көмектің арқасында Еркін ауылының командасы ойынға еркін араласып, жақсы нәтижеге қол жеткізіп жүр.

Таланттар ауылдан шығады демекші, бұл команданың ізбасарлары да бар. Ағаларының ойынына қарап, жас жеткіншектер де жеке команда құрып, алдағы уақытта негізгі команданың қосалқы құрамы ретінде өнер көрсетпек. Жастарға тазалық пен саламаттылықты көрсетіп, демеуші болып жүрген депутаттардың бұл ісі үлгі тұтарлық. Бұл бір күндік емес, үнемі жалғасын тауып тұратын игілікті іс екені анық. Еркін ауылының футбол командасы қолдау білдіріп отырған депутат ағаларына дән риза.

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

РЕГБИ

«ОЛИМП» КОМАНДАСЫ ЧЕМПИОНАТТА БАҚ СЫНАМАҚ

Тамыз айының аяғында Алматыда регбиден қазақстан чемпионатының IV туры өтеді. Оған облыс бойынша 2 команда қатысады. Басты мақсат ел біріншілігінде топ жарып, Қазақстан чемпионаты атану.

Өткен үш кезең бойынша 3 орындағы «Олимп» регби командасы осы уақытқа дейін 7 жеңісті бағындырған. Басты қарсыластары алматылық болғандықтан, жаттығу қызу қанды жүргізілуде. Жеңіске қол жеткізудің әдіс тәсілдерін меңгеру мақсатында жаттықтырушы Дәулет Әкімбековтың да еңбегі ерекше.

«Қазіргі мақсат қазақстан чемпионатынан жеңіп, қазанда өтетін Азия біріншілігінде топ жаруды жоспарлап отырмыз. Жапон, қытай командаларын жеңіп, жоғары лигада өнер көрсетуді мақсат еттік.» дейді жаттықтырушысы.

Басты қарсылыстары Алматы мен Ақтауды жеңіп, жерлестеріміз жоғарғы лигада өнер көрсететініне сенеміз.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

БАЛА – біздің болашағымыз

Айжан РАХЫМБЕКОВА: *«Үлкен ұлым Әлинұр Талдықорғандағы НЗМ-ге емтихан арқылы өтіп, оқып жүр. Үлгерімі жақсы. Кішкентайынан құрастырғыш конструкторлармен ұзақ ойнайтын, әлі күнге дейін қолы босай қалса, отыра қалады. Өсе келе интернетке қарап түрлі сурет сала бастады. Ондағы суреттерді айнытпай салып, қызығушылығы арта түсті. Нағашы атасы ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, суретші болғандықтан, Әлинұрдың да өнерге жақындығы бекер*

емес шығар деп Оқушылар сарайындағы бейнелеу сабағына катыстырдық. Биыл жазда «Мейірім» оқыту орталығы ашылып, енді ол сондағы бейнелеу өнері мен шешендік өнер үйірмесіне барып жүр. Бұл орталық нағыз өнер сүйер балаларға арналған деп ойлаймын. Сабаққа барғылары келіп тұрады, себебі мұғалімдері ерекше жандар. Кіші ұлым Әліби де ағасынан үлгі алып, білуге, үйренуге, өнерге құштар. Ермексаздан әртүрлі мүсіндер жасайды. «Мейірім» орталығындағы Клара апайдың арқасында қызығушылығы артып, көп нәрсе үйренді. Балалар – біздің болашағымыз, ұлдарымның келешегінен зор үміт күтемін».

АРМАН – алға жетелейді

Салтанат ИСАБАЕВА: *«Нұрсұлтан 1.5 жастан балабақшаға барды. Мінезі өте сабырлы, салмақты. Кішкентайынан өнерге жақын болды. Әндерді, тақпақты да тез жаттап алатын.*

Әкесі Бахтияр Мұнайтпасов – актёр, режиссёр мамандығын бітірген, бірнеше киноға да түскен. Ұлдарының өнерге деген қызығушылықтары әкесінен дарыған. Математика, сурет, қазақ тілі пәнін өте жақсы көреді. Спорттан бокс, футбол, шахмат және вокал үйірмелеріне қатысып жүр. Бауырмашыл, інісіне қамқор, білгенін үйретіп жатады. Сара апасына әкесінің жоқтығын білдіртпей, сыйлық жасап, анашым деп қуантуға тырысады. Осы үйірмеден жасаған заттарын да апаларының туған күніне сыйлық етіп ұсынипты. Ұлымның арманы – генерал болу, спорттан әлем чемпионы атану және Қазақстанға өз үлесін қоссам дейді. Бір сөзбен айтсам, еліміздің елеулі азаматы атанғысы келеді. Әкесінің орындалмаған арманын інісі Әділ екеуі бірігіп жетеріне сенімім мол.

Ал, Әділім өте ерке, бірақ мінезі тік. Өз ойын еш бүкпестен жақсы жеткізеді. Аққөңіл, көпшіл мінезімен кез келген ортаға сыйлы. Өте белсенді бала. «ДЖИУ-ДЖИТСУ» спорт түрін таңдап, қатысып жүр. Белсенді бола тұра, сабырлық пен шыдамдылықты талап ететін мүсіндеу өнеріне қызығушылығы өте зор. Оның да өнерге деген қызығушылығы мен бойындағы сабырлылығы әкесіне ұқсаған. Әділдің арманы өте көп. Өскенде ұшқыш, спорттан әлем чемпионы болғысы келеді. Үйлер салып, бауыры Нұрсұлтан екеуі қайырымдылықпен айналыссақ дейді. Бұл оның болашаққа деген көзқарасы оң екенін көрсетеді. Өмірде өз орнын тауып, арман-дарына жетіп, халқына адал қызмет етеді деп сенемін.

Отбасымның атынан «Мейірім» үйірмесін басқарып отырған Гүлмира Қуанышқызына, сондай-ақ, ұстаздар: Клара Дүйсебекқызы, Алмас Бақытұлы, Сабина Сәбитқызына үлкен алғысымды айтқым келеді. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай атамыз бекер айтпаған ғой. Балаларымыздың өнерін ұштауда аянбай тер төгіп жүрген орталық ұжымының еңбегі жемісті болғай.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ПСИХОЛОГИЯ

Коуч Лиза Бейкер биодаралық концепциясын қолдайды. Бұл идеяның мәні мынада: әр адам әртүрлі. Біреуге күз жағады, біреуге жаз ұнайды, ал біреу жұрттан бұрын ерте тұрады, біреу түнімен шабыттана жұмыс істейді. Дегенмен Бейкер әр адамға қолайлы, ортақ қағидалар бар екеніне сенеді. Назарыңызға күнді дұрыс жоспарлауға көмектесетін маманның жеті кеңесін ұсынамыз.

ӘР КҮН БІЗГЕ БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

1. Мүмкін болса оятқышсыз ояныңыз

Оятқышпен ояну – стресс. Оятқыш ағзада стресс реакцияларының түзілуіне себеп болады. Одан бас тартып үйрену үшін ұйқыға жұмсайтын уақытты есептеп, уақытылы жатыңыз.

2. Әр күнді гаджетсіз бастаңыз

Поштада жауап күтіп тұрған хат міндетті түрде болады. Әлеуметтік желіде оқығың кеп тұратын посттар да самсап тұрады. Бірақ соның орнына бес-он минут тыныс алу жаттығуын, медитация жасауға дағдыланған жөн. Ал егер ерте тұрсаңыз, физикалық жаттығуға, таңғы ас жасауға, кітап оқуға уақыт арнаңыз.

3. Күнді уақыт блоктарына бөліңіз

Адам бір уақытта бірнеше жұмысты қатар істей алмайды. Істесе де бұл біз ойлағандай емес, бір жұмысты тастай сала екіншісіне ауысып отыру. Бұл адамның жұмыс өнімділігін 40%-ке төмендетіп жібереді. Сондықтан күнді жоспарлағанда әр жұмысқа толығымен беріліп істейтіндей уақыт бөліңіз. Ол үшін браузердегі артық беттерді жауып, хабарламаларды өшіріп қойыңыз. Осындай уақыт блоктары арасында поштаңызды тексеріп, кейінге қалдырған қоңырауларға жауап беруге болады.

4. Спорт пен тамақтану уақытын алдын ала белгілеңіз

Біз бір шаруаға уақытым жоқ десе, оны өзіне приоритет санамағаны. Адам өзіне энергия беретін нәрседен басқасына уақыт табуға бейім, уақытылы спортпен шұғылданып, уақытылы тамақтанудың маңызын көбі жете бағалай бермейді. Егер біз клиенттерге, отбасымыз бен достарымызға уақыт тапсақ, не себепті өзімізге уақыт таппаймыз?

5. Бірнеше шаруаны бірге тындырып тастаңыз

Бір уақытта бірнеше жұмысты қатар істеу, әрине, зиян. Бірақ бір-біріне кереғар болмайтын шаруалар бар. Мысалы жақындарыңызбен кездескенде бірге дүкен аралап үлгеруге, достарыңызбен кездескенде бірге спортпен шұғылдануға, үй жинап жүріп аудиокітап тыңдауға болады.

6. Ертеңге жоспар құрыңыз

Әр минутты жоспарлаудың қажеті жоқ. Ертең істеуіңіз керек ең негізгі шаруаларды тізіп шығыңыз. Ал егер жоспардағы кейбір нәрсе ұнамаса, Брайан Трейсидің "Бақа жеп ал!" кітабындағы қағиданы орындау керек. Автор орындалуы қиын немесе адамға жақпайтын жұмыстарды бақаға теңейді де, алдымен ең үлкен, ұсқынсыз бақаны жеп алуға үндейді.

7. Уақытылы ұйықтаңыз

Ұйқыға қанша уақыт керегін анықтап алғаннан кейін қай уақытта оянатыныңызға қарай уақытылы ұйықтап үйреніңіз. Күнді қалай бастасаңыз, солай аяқтаңыз: ешбір гаджетсіз.

ДЕНСАУЛЫҚ

КӨК ШАЙ ЖАНДЫ СЕРГІТЕДІ

Жапон ғалымдары қант диабетіне шалдыққандарға көк шай мен кофенің пайдасы мол екенін айтады.

Ғалымдардың дерегіне сүйенсек, көк шай мен кофе қант диабетінің 2-типіне шалдыққандарға өте қажет. Мұндай тұжырымға олар диабетпен ауыратын 5 мың адамға тәжірибе жасау арқылы келген. Ғылыми бақылауды 5 жыл бойы жүргізген.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, күніне 1 шыны көк шай ішкендердің өлім жағдайы 15%-ға, 2-3 шыны ішкендер – 27%, 4 шыны ішкендер – 40% кеміген. Күніне 1 шыны кофе ішкендер 19%, 2 шыны ішкендер – 4% азайған.

Ал көк шай мен кофені кезек-кезек ішкендердің көрсеткіші одан да жоғары болған екен:

- Күніне 2-3 шыны көк шай мен 2 шыны кофе ішкендердің өлім жағдайы 51%-ға;
- Күніне 4 шыны көк шай мен бір шыны кофе ішкендер – 58%;
- Күніне 4 шыны көк шай мен 2 шыны кофе ішкендер – 63% дейін азайған.

Ғалымдардың айтуынша, зерттеу бақылау арқылы жасалғандықтан, адамның өмірі кофе мен көк шайға тікелей байланысты дегенді білдірмейді. Алайда көк шай мен кофенің құрамында антиоксидант пен қабынуға қарсы тұрар компоненттер бар. Ерте өлімнің алдын алуға көмектесетін осылар болуы мүмкін.

Материалдар massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: С. ӘЙТЕНОВА

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 796
Индекс 15534